Негативният ефект, който интерференцията оказва при изучаването на втория език, рефлектира върху психическите нагласи и мотивацията на детето билингва в процеса на обучение и глобално погледнато – върху цялостния процес на социализация и интеграция. Затрудненията, които детето изпитва при усвояването на втория език, водят до образуване на негативни психически комплекси и създават условия за формиране на неадекватна оценка на личностните качества от страна на самия ученик и на обществото. Ценностната система девалвира, създават се отрицателни нагласи към училището и учебния процес, което в крайна сметка води до отпадане на голяма част от децата билингви от училище.

И при при турското, и при ромското етническо малцинство съществуват два речеви стила:

- I-ви стил – на фолклор (песни, приказки);
- II-ри стил – съвременен, разговорен.

Характерно за първия стил е и това, че той се използва и съществува само в песните и приказките. По интересен е вторият стил – съвременният.

Турската общност живее в контакт с другите общности – българи иromи, и освен турски диалект говори и български език. Изключение прави част от населението в малките села на районите с хомогенно турско население, които контактуват само в общността и рядко напускат населените места в които живеят.

Ителигенцията на турското население в изследваните региони (учители, лекари, инженери), владее еднакво добре официалния български и книжовния турски език. Сред турското население има стремеж към по-доброто усвояване на официалния турски език и той се приема за по-престижен в сравнение с турските диалекти.

Ромското население, изповядващо мюсюлманската религия, приема за по-престижен турски език и се стреми към сменяне на ромския с турския език във всекидневното общуване. *Това се обяснява с факта, че околното население – българи и турци, много често имат негативно отношение към ромите, съответно и към ромския език.*

Българското население като цяло има отрицателно отношение към езиците на малцинствата, но по престижност турският език се нарежда на по-високо стъпало от ромския език. Защото една голяма част от турското население е високо образовано, има своя интелигенция, докато сред ромското население все още процентът на неграмотните е много висок.

Концептуални изводи и основания за стратегическите подходи:

- Проблема за отпадането на ромските деца от училище не може и не трябва да се гледа само от един ракурс. Социолозите и педагогите свързват проблема основно с влиянието на социокултурни фактори и влошеното икономическо състояние на ромското население (и въобще на малцинствата). Някои изпадат дори в расови предубеждения.

- Детето е системен обект, в чиято личностна структура са съчетани в единство биологичното, психическото и социалното начало. Това са три аспекта, които присъстват в личността в единство и взаимовръзка. Нарушението само на един от тях може да доведе до повече или по-малки нарушения в общото развитие с далечен проективен ефект. В хода на активното взаимодействие със средата у детето се развиват когнитивните процеси, овладяват се устойчиви модели на комуникация и на социално поведение. Децата от малцинствените етнически общности са обект на допълнителни рискове и затруднения, които са следствие на билингвалната среда на живот и на необходимостта да се справят неподгответни, “в движение” с тези затруднения;

- Психолого-педагогическият анализ на развитието на децата-билингви (Х.П.Бантист, Ст.Здравкова, Ир.Колева, Хр.Кючуков, Е.Герганов, Ив.Димитров, Е.Велева, Ст.Жекова и др.) показва сериозни задръжки във включването в социалните структури в детската група, в усвояването на необходимото учебно съдържание. Своеобразното “имплантанте” на майчиния език в българския и обратно, създават специфична психична бариера при усвояването на речево – езиковата култура, поднасяна в училище. При това бариерата е многостранна и многопосочна – във възприемането, в разбирането, в идентификациите, в преносите на овладените речеви модели (говорни или писмени);

- Проблемът за затрудненията на деца билингви в училище е многоаспектен. Социолозите и педагогите го свързват основно с влиянието на социокултурни фактори и влошеното икономическо състояние на малцинствата. За да бъде решен този проблем е необходимо обучението на децата билингви да се насочи към пълно усвояване на втория език до постигане на пълен билингвизъм, след което да се премине към изучаване на предвиденото учебно съдържание. Една такава стратегия би променила в положителен аспект мотивацията и нагласите на децата билингви към ученето и училището и би улеснила процеса на интеграция и реализация на двуезичните малцинства в социума.

- Езиковата интерференция при децата билингви се отразява на цялостната вербална комуникация – устна и писмена. Тъй като писмената реч е с по-строги изисквания в реализациата си, тя се овладява по-бавно и по-трудно поради конкретизираните и строги изисквания към нея, следователно, рисъкът от затруднения в усвояването ѝ е по-висок. На детето билингва са необходими по-продължителни и целенасочени усилия за придобиване на умения, необходим речников запас, усвояване на стиловите и граматически изисквания на съответния език и спазването им в писмената практика. В следствие на това се получава конфликт между изискванията на общеобразователното училище от една страна и обективните възможности на детето от друга, което често се характеризира с трудности при ограмотяването и усвояването на писмената комуникация;

Една такава стратегия би променила в положителен аспект мотивацията и нагласите на ромските и турските деца към ученето и училището и би улеснила процеса на интеграция и реализация в социума.

Список использованной литературы:

1. Белл Р. Социолингвистика. - М.: Международные отношения, 1980. – 318 с.
2. Образователни нагласи на ромите в България / Енчо Недялков Герганов, Христо Славов Кючуков. - София: Тилиа, 1999. - 111 с.
3. Симеонова М. „Ромите в България: новите предизвикателства”. Доклад по поръчка на Фондация „Фридрих Еберт”. – 2007. – 246 с.
4. Kangas, T.S. Bilingvizam. – Beograd. – 1991.
5. Bialystock. E. Communication Strategies (Oxford: Basil Blackwell). – 2004.

УДК 37.017.92

Ұзақбаева С.А., д.п.н., профессор,
Абылай хан атындағы ҚазХҚЖТУ
Алматы қаласы

МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ БАСТАУЫ

Резюме

Морально-этические традиции совершаются путем постоянного привлечения личности к богатому культурному наследию, искусству народа, к его психологическому опыту и широкой социальной проблеме, а также путем усиления нравственной направленности, самостоятельности в деятельности, поведении личности. Следовательно, воспитание на морально-этических традициях не может быть случайностью. Оно должно охватить специально организованную, целенаправленную деятельность, которая дает единое представление о явлениях нравственности. В статье предлагается классификация морально-этических традиций казахского народа. Значимость классификации в том, что она способствует всестороннему раскрытию возможностей, педагогических требований, закономерностей, принципов, средств, методов и приемов морально-этических традиций казахского народа в нравственном воспитании.

Abstract

Moral and ethical traditions perfected by constant attraction of the individual to the rich cultural heritage, the art of the people, to his psychological experience and broad social issue, and by strengthening the moral orientation, autonomy in operation, the behavior of the individual. Therefore, the education of the moral and ethical traditions may not be a coincidence. It should cover a specially organized, purposeful activity that provides a single view of the phenomena of morality. The paper proposes a classification of moral and ethical traditions of Kazakh people. The importance of classification is that it helps to fully uncover opportunities, educational requirements, laws, principles, tools, methods and techniques of moral and ethical traditions of Kazakh people in moral education.

Өзекті сөздер: мораль, этика, моральдық-этикалық дәстүрлер, адамгершілік, адамгершілік тәрбиесі, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, қарым-қатынас, мәдени қарым-қатынас.

Моральдық-этикалық дәстүрлер – моральдық сана тәжірибесі мен адамгершілік қатынас мазмұнында көрініс алған моральдық ережелер мен нормалар. Моральдық норма жеке бастың мінез-құлқын бағыттайды және оны бағалап, бақылауға мүмкіндік беретін қоғамға қажетті мінез-құлық үлгісі болып табылады.

Моральдық-этикалық дәстүрлердің басты функциясы – адамның мінез-құлқын (еңбекте, қарым-қатынаста) реттеу және бағыт-бағдар беру болып табылады. Функцияны кіріктірілген түрде және тұлғаны тәрбиелеу барысында жүзеге асыруға болады. Моральдық-этикалық дәстүрлер тұрақтылығымен, бірқалыптылығымен ерекшеленетін моральдық мәдениетті тасымалдау формасы. Бұл әсіресе әдет-ғұрыпқа қатысты, мұнда мінез-құлық принциптері мен оны орындау бір-біріне сәйкес келеді.

Моральдық-этикалық дәстүрлер тұлғаның адамгершілігін дамытудағы негізгі сапалардың жиынтығы ретінде ерекше рөл атқарады – ол адамгершілік көрінісін практика жүзінде іске асырудың негізі және өлшемі болып табылады. Моральдық-этикалық дәстүрлерді тұлғаның менгеріп, жинақтаған адамгершілік әлеуетінің жүзеге асырылудағы беріктілігін сипаттайтын деңгейі десе болады.

Жаңа заман, күн сайын құрделеніп жатқан әлеуметтік тапсырыстар адамгершілікті білімнің сапасын өзгеше жасауды талап етеді. Ал бұл үшін, оны қалыптастырудың жаңа жолдарын іздестіру қажет.

Моральдық-этикалық дәстүрлер тұлғаны халықтың бай мәдени мұрасына, өнеріне, халықтың психологиялық тәжірибесі мен көлемді әлеуметтік проблемаларына жүйелі бейімдеу арқылы, тұлғаның адамгершілік бағыттылығын, іс-әрекеттегі дербестігін, мінез-құлқын нығайту арқылы жетіле түседі. Демек, моральдық-этикалық дәстүрлерде тәрбиелеу кездейсоқ үдеріс болуы мүмкін емес. Ол адамгершіліктің бүкіл болмысЫнан бірегей көрініс беретін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты іс-әрекетті қамтуы тиіс. Моральдық-этикалық дәстүрлер – нақты тәрбие моделін тұзуші, қоғамды реттеуші маңызды механизм. Моральдық-этикалық дәстүрлер арқылы бүгінгі үрпақ өз ұлтының дүниетанымынан, рухани мәдениетінен білімін жетілдіреді, оны күнделікті өмірде қолданады, ұлтына тән мінез-құлықты менгереді.

Моральдық-этикалық дәстүрлердің тәрбиелік күші сол, осындағы дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жүйесіне араласқан адамдар, көрсетілген қажеттілікке, өз-өздеріне байқалмайтын моральдық ұйғарымдарға сәйкес табиғи және қарапайым түрде тәрбиеленеді. Оны қазақ халқының ғасырлар сынынан өткен, әрбір тарихи кезеңдердегі қоғамның талабына қарай өзгеріске түсіп, сұрыпталып, дамып, жетіліп, үрпақтан үрпаққа беріліп отырған моральдық-этикалық дәстүрлерінің мазмұны дәлелдейді.

Қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлерін шартты түрде «ар-намыс, абырайлық дәстүрлер»; «мінез-құлықтық дәстүрлер»; «сана-сезімдік дәстүрлер» деп жіктемелеуге болады.

Жіктеменің құндылығы – ол қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлерінің адамгершілік тәрбиедегі мүмкіндіктерін дәлелді ашып көрсетуге септігін тигізеді. Мысалы, «ар-намыс, абырайлық дәстүрлер» жеткіншектерді өз ұлтының беделін биік ұстаяға, өз-өзіне

деген сенімін арттыруға, өзінің ұлтын сүюге, отбасын, туған жерін, басқа ұлттарды құрметтеп, қадірлеуге тәрбиелесе; «мінез-құлықтық дәстүрлер» адамдармен мәдени қарым-қатынас жасауға, ортақ тіл табыса білуге, ұлкендерді құрметтеуге, өзінен кішілерге қамқорлық жасауға дағыландырады, қоршаған ортаға, еңбек әрекетіне гумандық көзқарасын қалыптастырады; ал «сана-сезімдік дәстүрлер» болса, өз ұлтының рухани мәдениетінің (ана тілі, ауыз әдебиеті, музыка, өнер, салт-дәстүрлер және т.б.) жетістіктеріне қуана білуге, бір ұлттың екінші ұлттан айырмашылығын ажыратада білуге, ұлтаралық қатынас байланысын дұрыс түсінуге көмектеседі.

Моральдық-этикалық дәстүрлер халық педагогикасы туындыларында (ауызекі шығармашылығы (поэтикалық, музикалық), сәндік-қолданбалы өнер, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ататек шежіресі, діни ілімдері, философиялық, этикалық, педагогикалық озық ой-пікірлері мен идеялары) көрініс алады. Оны жіктемеде топтастырылған дәстүрлердің адамгершілік тәрбиесіндегі мүмкіндіктерін ашуда пайдаланған деректемелер мазмұны айғақтайды.

«Ар – намыс, абырайлық дәстүрлер» – «ар», «ұят», «намыс», «ұждан» ұғымдарына негізделеді. Бұл адамгершіліктің ең жоғары көрсеткіштерінің бірі. Оны қазақ халқының «Өлімнен ұят құшті», «Ақылды болсан, арынды сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы» деген мақал- мәтелдерінен көруге болады. Қазақ халқы әсіресе ар-ұжданды қатты қастерлеген, оны баланың бойына жасынан сіңісті етіп өсірген. Ар-ұжданнан айрылу абырайдан, ел сенімінен айрылу деп түсінген халық жастанға бата бергенде: «Абырайлы бол!, ...еліңе сыйлы, досыңа адал бол», «Алла тағала сені абырайыңан айырмасын!» – деп тілек білдірген. Сондай тілектің бірінен көрініс бере кетейік: «бірде тоғыз жасар Жетес тоқсандағы Төле биге сәлем бере барыпты, сонда Төле би: «Бата басқа, қына тасқа, ақыл жасқа, не қалайсың, балам?» – депті. Сонда Жетес бала: «О, қасиетті баба! Ат берсеніз, өліп қалады, тон берсеніз, тозып қалады. Ат, тонға бергісіз, өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз, соған ризамын, – депті. Баланың тілегін байқаған Төле би: «Онда қолынды жай, балам: «Бір үйдің баласы болма, көп үйдің санасы бол! Бір елдің атасы болма, бар елдің данасы бол..! Өзіңе-өзің кәміл бол, халқыңа әділ бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол!» – деп бата беріпті [1]. Бұл қазақ баласының ата-бабадан мұра болып келе жатқан «бота бір жылдық, бата мың жылдық» деген қағиданы саналы менгергенінің дәлелі.

Халықтың ар, намыс, ұждан түсінігіне аса мән бергенін, керек болған жағдайда ол үшін тіпті жаңын да киғанын тарихи деректемелер раставайды. Мәселен, өткен ғасырларда, М. Қозыбайтегінің дерегі бойынша, «қазақ жерінде 300-ге жуық ұлт-азаттық көтерілісі өрбіген». Осы көтерілістерде туған жерін, елінің тәуелсіздігін қорғау үшін ата дәстүрінен жан-жақты сусындаған ерлер қолына қару алған. Еліне айбар, халқына қорған болған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Абылай, Бөгенбай, Наурызбай, Естай, Қабанбай, Қарасай, Жәнібек, Олжабай, Райымбек, Исадай, Махамбеттің ерлігі мен өнегелері ар-намыс түсінігімен ұштасып жатыр.

Ар-ұятқа кір келтірмей кісліктиң басты белгілерінің бірі деп түсінген халық «Жарлы болсан да арлы бол», ар-ұяты бар адам ғана иманжүзді келеді деп жастанғың құлақтарына құйып отырған.

Әсіресе қыз баланың ар-ұжданын сақтау мәселесіне жауапкершілікпен қараған. Бұл тұрғыда оларға көптеген ақыл-кеңестер берген, халыққа сыйлы кейбір азаматтардың (қыздардың) жеке басының өнегелі істерін, қылықтарын ұлгі ету арқылы әдептілікке, ізеттілікке шақырған. Бұған көптеген тарихи деректер дәлел бола алады. Мәселен, Қабанбай батыр жаулармен шайқаста қолға түсін жас қыздың зарына құлақ асып: «Ей, жарандар, жарандар, әрбіріңің үйінде осы қыздай балаң бар», оны тонамандар, тонау олжа болмайды, бір жолға өзім бастап, қыздың сөзін қостап, «астына - ат беріп, осы жерде тастанайын...», деп кіслік танытып, өз сарбаздары мен бүкіл жүртшылыққа үлгі-өнеге боларлық азаматтық іс көрсетеді.

Карағым, қалқам, Шағалак,
Неғып жұрсін жағалап.
Үзбеші қыздың түймесін,

деп, түнгі мезгілде сұғанақ көз, сұық қолды Шағалақтан қыздың абыройын сақтап қалады.
Бұл оның өз халқының алдында азаматтық борышын дұрыс ұғынғанының, ата-баба дәстүрін өнеге тұтқанының айғағы.

Қыздың абыройын сақтауға аса мән берген халық «Қызыға қырық үйден тыйым, мың сан үйден сын» деген қағиданы берік ұстанған. «Қызың қылығымен» деп, оның әдепті, биязы, иманжүзді болуын қалаған, отбасының беріктігі қыздың абыройына, арының тазалығына байланысты деп түсіндірген.

«Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат – надандықтың белгісі», «Ыңсанап, ұят, терең ой – асыл зейнет біліп қой», «Оз ұтын білген кісі, бір кісіге төрелік береді», «Ұят кімде болса, иман сонда», «Ұяттан адам өлмейді, сағы сынады» – деп, жастарды сыпайылыққа, сабырлылыққа, жат мінезден бойын аулак ұстауға шақырған, өзіне келетін ұятты білуі қажеттігін ескерткен.

Мұндай ұғым-түсініктер діннің өзекті қағидаларында да (нысал, нәпсіні тыю, ғайбат сөйлемеу, кісіге қиянат жасамау, қайырымдылық көрсету, мұсәпір-кемтар адамдарға қайырсадақ беру, ұрлық жасамау, өтірік айтпау, ата-ананы ардақтау, жетім-жесірді жылатпау, күш көрсетпеу және т.б.), қазақ ойшылдарының (әл-Фараби, Жұсіп, Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи және т.б.), жыршы-жырауларының (Асанқайғы, Шал ақын, Бұқар жырау, Дулат Бабатайұлы және т.б.), ғұлама ағартушыларының (Шоқан, Ыбырай, Абай) шығармаларында да орын алған. Олар халықтың жағдайына, жақсылық пен жамандық өлшемдеріне, мінезд-құлық ережелеріне, адамдардың ізгілікті істеріне, бойындағы адами асыл қасиеттеріне, ақыл-парасатына, мінезд-құлық мәдениетіне, пәк сезімдері мен өмірге деген қозқарастарына, абырой-намысы мен кісілік келбетіне және т.б. моральдық-этикалық қасиеттеріне баса назар аударған. Мысалы, егер, әл-Фараби: «Ақыл-парасат күшінің жәрдемімен адам ғылым мен өнерді менгереді және мінезд-құлықтар мен әрекеттердің жамандарынан жақсыларын ажыратады. Осының көмегімен ол нені істеу керек, нені іstememeу керек екенін пайымдал, сонымен бірге пайдалы мен зияндының, жағымды мен жағымсыздықтың айырмасын танитын болады» – десе [2], Қожа Ахмет Иассауи: «Ғалымдардың сөзін естіп, өзінді біл» деп жастарды оқуға, білімге шақырады, «Жалған сөйлеп имансыз кетпе», «Құр бекерге жалған сөйлеп, тілді безеп дүние үшін иманың мен дінінді сатпа, сөзде де, істе де ұстамды бол», ар, намысынды сақта деп ескертеді [3].

Ұлы Абай да қазақ қыздарының нәзік жаны мен ибалы-қасиеттерін, әдебі мен жүрістүрьысын, сұлулығы мен ар-ојдан тазалығын, кескін-келбетін, бітім-болмысын әсерлі теңеулермен жырға қосады («Көзімнің қарасы», «Қаламқас», «Қактаған ақ күмістей кен мандайлы»). Жоғары адамгершілікті қасиеттер адамның сана-сезімінен, мінезд-құлық мәдениетінен, әдепті ізгі істерінен, сөйлеу қабілетінен байқалады, «...ғылымды, ақылды сақтайтығын мінез... бұзылмасын!.. мінезде азғырмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!» – деп, балалар мен жастарды жеңілтектікten бойын аулак ұстауға, біреудің сөзіне орынсыз ермеуге шақырады, адамды көрікті көрсететін мінез деген ұғымға бағдарлайды [4].

Ұлттық әдептің негізі болып қаланған осы қағидалар қазақ халқының «мінезд-құлықтың дәстүрлерінен» жан-жақты көрініс алғып, қаншама ұрпақтың моральдық-этикалық мәдениетінің негізін қалады.

Кезінде Э.С. Вульфсон «Қазақ баласын ұлкенді сыйлауға кішкентайынан үретеді», – деп бекер айтпаған. «Ата-анаңды сыйласаң – көп жасарсың, сыйламасаң жан – қинарсың», «Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлак, бала – жағасындағы құрак», «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», – деген мақал-мәтелдер осының бұлжытпас айғағы.

Ұлкендерге деген сыйластық көзқарасты орнату мақсатында халық арасында кен тараған моральдық ережелердің де мінезд-құлық мәдениетін қалыптастыруда ықпалы зор болды. Мысалы, «ұлкендердің сөзін бөлме», «ұлкендерге жол бер», «ұлкендердің көнілін

Суырма қыздың инесін,
Құдайдан келген бүйрек жоқ,
Қыз бетінен сүймек жоқ... –

деп, түнгі мезгілде сұғанақ көз, сұық қолды Шағалақтан қыздың абыройын сақтап қалады.
Бұл оның өз халқының алдында азаматтық борышын дұрыс ұғынғанының, ата-баба дәстүрін өнеге тұтқанының айғағы.

Қыздың абыройын сақтауға аса мән берген халық «Қызыға қырық үйден тыйым, мың сан үйден сын» деген қағиданы берік ұстанған. «Қызың қылығымен» деп, оның әдепті, биязы, иманжүзді болуын қалаған, отбасының беріктігі қыздың абыройына, арының тазалығына байланысты деп түсіндірген.

«Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат – надандықтың белгісі», «Ыңсанап, ұят, терең ой – асыл зейнет біліп қой», «Оз ұтын білген кісі, бір кісіге төрелік береді», «Ұят кімде болса, иман сонда», «Ұяттан адам өлмейді, сағы сынады» – деп, жастарды сыпайылыққа, сабырлылыққа, жат мінезден бойын аулак ұстауға шақырған, өзіне келетін ұятты білуі қажеттігін ескерткен.

Мұндай ұғым-түсініктер діннің өзекті қағидаларында да (нысал, нәпсіні тыю, ғайбат сөйлемеу, кісіге қиянат жасамау, қайырымдылық көрсету, мұсәпір-кемтар адамдарға қайырсадақ беру, ұрлық жасамау, өтірік айтпау, ата-ананы ардақтау, жетім-жесірді жылатпау, күш көрсетпеу және т.б.), қазақ ойшылдарының (әл-Фараби, Жұсіп, Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи және т.б.), жыршы-жырауларының (Асанқайғы, Шал ақын, Бұқар жырау, Дулат Бабатайұлы және т.б.), ғұлама ағартушыларының (Шоқан, Ыбырай, Абай) шығармаларында да орын алған. Олар халықтың жағдайына, жақсылық пен жамандық өлшемдеріне, мінезд-құлық ережелеріне, адамдардың ізгілікті істеріне, бойындағы адами асыл қасиеттеріне, ақыл-парасатына, мінезд-құлық мәдениетіне, пәк сезімдері мен өмірге деген қозқарастарына, абырой-намысы мен кісілік келбетіне және т.б. моральдық-этикалық қасиеттеріне баса назар аударған. Мысалы, егер, әл-Фараби: «Ақыл-парасат күшінің жәрдемімен адам ғылым мен өнерді менгереді және мінезд-құлықтар мен әрекеттердің жамандарынан жақсыларын ажыратады. Осының көмегімен ол нені істеу керек, нені іstememeу керек екенін пайымдал, сонымен бірге пайдалы мен зияндының, жағымды мен жағымсыздықтың айырмасын танитын болады» – десе [2], Қожа Ахмет Иассауи: «Ғалымдардың сөзін естіп, өзінді біл» деп жастарды оқуға, білімге шақырады, «Жалған сөйлеп имансыз кетпе», «Құр бекерге жалған сөйлеп, тілді безеп дүние үшін иманың мен дінінді сатпа, сөзде де, істе де ұстамды бол», ар, намысынды сақта деп ескертеді [3].

Ұлы Абай да қазақ қыздарының нәзік жаны мен ибалы-қасиеттерін, әдебі мен жүрістүрьысын, сұлулығы мен ар-ојдан тазалығын, кескін-келбетін, бітім-болмысын әсерлі теңеулермен жырға қосады («Көзімнің қарасы», «Қаламқас», «Қактаған ақ күмістей кен мандайлы»). Жоғары адамгершілікті қасиеттер адамның сана-сезімінен, мінезд-құлық мәдениетінен, әдепті ізгі істерінен, сөйлеу қабілетінен байқалады, «...ғылымды, ақылды сақтайтығын мінез... бұзылмасын!.. мінезде азғырмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!» – деп, балалар мен жастарды жеңілтектікten бойын аулак ұстауға, біреудің сөзіне орынсыз ермеуге шақырады, адамды көрікті көрсететін мінез деген ұғымға бағдарлайды [4].

Ұлттық әдептің негізі болып қаланған осы қағидалар қазақ халқының «мінезд-құлықтың дәстүрлерінен» жан-жақты көрініс алғып, қаншама ұрпақтың моральдық-этикалық мәдениетінің негізін қалады.

Кезінде Э.С. Вульфсон «Қазақ баласын ұлкенді сыйлауға кішкентайынан үретеді», – деп бекер айтпаған. «Ата-анаңды сыйласаң – көп жасарсың, сыйламасаң жан – қинарсың», «Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлак, бала – жағасындағы құрак», «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», – деген мақал-мәтелдер осының бұлжытпас айғағы.

Ұлкендерге деген сыйластық көзқарасты орнату мақсатында халық арасында кен тараған моральдық ережелердің де мінезд-құлық мәдениетін қалыптастыруда ықпалы зор болды. Мысалы, «ұлкендердің сөзін бөлме», «ұлкендерге жол бер», «ұлкендердің көнілін

қалдыратындаға іс жасама», «үлкендерге сәлем бер», «үлкендердің берген ақылын есте ұста», «үлкендерге орын бер» және т.б.

Өмір мектебінен өткен қазақ ақсақалдарының талабы да үлкен адамдар үшін талқылауға түспейтін моральдық ереженің бірі болды: жастарды ата дәстүрін сақтауға үйретті, рухани адамгершілікке бағдарлады, болашаққа сенімін арттырыды.

Үлкендер тараپынан балалардың болашағына бағыт-бағдар беретіндегі қамқорлық та аз болмады. Олар өздерінің ілім-білімдерін, өмірден оқыған-тоқығанын балаларға үйретуден аянбады. Мәселен, «құндердің бірінде Фараби базарға барса, өні келісті, жарқын жүзді бір жас жігіт тісімен шеге суырып, әртүрлі өнер көрсетіп отырады. Оны қоршап алғып тамаша көргендегі әртүрлі сезідер айттып, тыын-тебен тастан өтіп жатады. Сонда Әбу Насыр оған жақындаған барып: «Құніне қанша табасың?» – дейді. Жігіт: «Екі дирхемге жетер-жетпес», – деп жауап береді. Мұны естіген Әбу Насыр: «Онда сен бұл өнерді таста. Маған ер, мен саған оқу үйретемін, құніне төрт дирхем беремін», – деп оны ертіп кетеді. Бұл гәпті естіген саудагер мен делдалдар: «О, мына диуана, дәруіштің дені сау ма? Жетімді есіркей қалыпты ғой, өзі оқытып, әрі оған төрт дирхем өз жанынан төлегені несі?» – деп күледі. Әйтсе де Әбу Насырдың енбегі зия кетпейді, кейін сол бала үлкен ғалым болады. Мұндай аңыз әңгімелер халық тәжірибесінде көптең кездеседі. Бұл ұлы адамдардың адами тұлғалық қасиеттерінің ірілігін, пейілінің көндігін, халқының болашағы білімді жетік менгерген жастарға байланысты екенін көрегендікпен пайымдай білгенін көрсетеді.

Балалар мен жастарға адамгершілік, мінез-құлық мәдениеті ұғымдарынан алғашқы түсінікті беруде әсіресе ата-ананың, соның ішінде ананың орны ерекше болды. Бұл туралы көптеген жыр-дастандар жазылып, Зере, Ұлжан, Ұлпан тәрізді дана аналардың бейнесі жасалды.

«Алып анадан туады, ат биеден туады», «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал», «Ердің анасы – елдің анасы» деп халық бекер айтпаған. Адамның дамып, жетілуі, тұлға ретінде қалыптасуы ең алдымен ана тәрбиесіне, оның рухани әлеміндегі махаббат пен жігердің үйлесімділігіне байланысты. В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда, «ана – баланың әсерлі өмірінің шамшырағы... Патриоттық тәрбие ана мектебінің сезім тәрбиесінен басталады».

Ананы ардақтап, пір тұтпайтын халық жоқ. Тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың көүсар бұлағы – бәрі ана есімімен байланысты. «Дүниедегі асыл атаулының бәрі құннің нұрынан, ананың сүтінен жарапған» – деп М.Горький өте орынды айтқан. Ана парызы – өтелмейтін парыз. Ана сүтін оны Меккеге үш арқалап апарсан да өтей алмайсын.

Осы орайда «Біздің бәріміз аналарымыздың алдында парыздармыз. Бұдан мен адам тіршілігіндегі ең бір үлкен драманы көремін. Өмірде ананың өзін-өзі ұмыттың риясыз махаббатынан асқан жоғары және игілікті не бар? Сезім шынайы тазалықты талап етеді. Ол бізді, адамзат баласын ар-ұжданның жарасынды және жоғары кодексімен өмір сүрге міндеттейді» – деген Ш. Айтматовтың ой-тұжырымымен толық келісуге болады [5].

Халық баланы адамгершілікті мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеуде әкенің жеке басының үлгісіне де аса мән берген. Әкені «асқар тауға» теңеп құрметтеген, отбасының иесі, қорғаушысы, қамқоршысы, ақылшысы, тәлімгері деп есептеген. Отбасына байланысты шаруашылықтың бәрі әкенің тікелей басшылығымен, рұқсатымен, бағыт-бағдарымен шешімін тауып отырған. Аналардың балаларына «әкенен сұра», «әкенмен ақылдас», «әкен біледі» деп, не нәрсені болса да әкесінің нұсқауымен істеуге үйретуі әкенің қазақ отбасындағы өзіндік тұлғалық орнын көрсетеді. Әке мен бала арасындағы ерекше қарым-қатынас М. Әуезовтің «Абай жолы» романында айшықты суреттелген. Үйін, анасын сағынып келген 13 жасар Абайға анасының: «Әй, балам, анда әкең тұр, әкеңе барып сәлем бер», – деген сөздерінен-ақ әкеге деген зор құрметті байқауға болады.

Әрине, саналы тәртіп болмай адамгершілікті мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мүмкін еместігі бесенеден белгілі. Әйткені тәртіп бәрінен бұрын адамның іс-әрекетінің табысты болуын қамтамасыз етеді. Егер ол тиянақты, ұқыпты болса, еңбекке және өзінің қызметтік міндеттеріне қойылатын талаптарды бұлжытпай орындаса, онда бұл жұмыста жоғары нәтижеге жетуде және оның сапасын көтеруде алдын-ала жағдайлар жасайды. Бұның қоғам үшін де, тұлғаның өзі үшін де пайдалы екені сөзсіз.

Тәртіптің сонымен бірге тәрбиелік әлеуеті де едәуір жоғары. Ол адамды жинақылыққа, ұстамдылыққа, сабырлылыққа үйретеді. Мақсатқа жетуде, өзінің іс-әрекеті мен сезімін бағыттап отыруға септігін тигізеді, мінез-құлық мәдениетін көтеруге және ондағы кемшіліктерді жоюға көмектеседі. Нәк осының өзі саналы тәртіп пен мінез-құлық мәдениеті тәрбиесін тұлға адамгершілігін қалыптастырудың аса маңызды міндегі етіп көрсетеді.

Балалардың саналы тәртібінің мәні мінез-құлық ережесі мен отбасында белгіленген тәртіпті білуінде, олардың қажеттілігін түсінуінде және санада бекіп, орнықкан әдеттерін орындауда болып табылады. Егер тәртіп ережесі балалардың мінез-құлқында бекіп, оның орнықтылығын анықтаса, олар тәрбиелілік деп аталатын тұлғалық қасиетке айналады. Нәтижесінде отбасы тәрбиесі қалай болғанда да балалардың тәрбиелілігін қалыптастыруға бағытталуы керек.

Тұлғаның саналы тәртібі мен тәрбиелілігі әртүрлі деңгейде дамуы мүмкін, бұл мінез-құлық мәдениеті ұғымынан байқалады. Эйтседе мінез-құлық мәдениеті ұғымы балалардың тәртібін сипаттаумен ғана шектелмейді. Ол тұлға адамгершілігінің барлық жағын қарастырады. Мәселен, сөйлеу мәдениетін, еңбек мәдениетін, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін және т.б.

Қазақ халқы баланың саналы тәртібі мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың осының бәрін ескерген. Көшпелі өмір салты болмысынан туындаған қарым-қатынас мәдениетіндегі (әке мен шешенің, ерлі-зайыптының, ұл мен қыздың, ага мен інінің, әпке мен сіңлінің, шеше мен келіннің, нағашы мен жиеннің, құда мен құдағидың, балдың бен жезденің, женге мен қайынсіңлінің және т.б.) адамгершілік, моральдық-этикалық тәртіп ережелерінен түсінік берген, оларды жауапкершілікпен қабылдап, бұлжытпай орындауға дағдыландырған.

Балалар мен жастардың саналы тәртібі мен адамгершілікті мінез-құлқын, моральдық келбетін қалыптастырудың, азаматтық міндегін ой-елегінен өткізуде қауымдасудың (адамдардың бір-біріне түрлі жағдайда көмек көрсетуі, мәселен, қызы ұзату, келін түсіру, енші беру сияқты қуаныш кезінде немесе кісісі өлген үйге аза салу, оның жетісін, қырқын, жылын өткізуде, кездейсоқ апатқа (жұт, өрт, топан су және т.б.) ұшырап, мал-мұліктен айрылғанда туыстық сезіммен мүмкіндігінше көмек беру) орны ерекше. Қауымдасу бірлікті, ынтымақтастықты көргенділікті көрсетеді. «Көп еңбегі көлмен тең», «Көп жабылса, жок табылады», «Көп көрген жер көнілді, Көп еңбегі өнімді», «Көп ісінде береке», «Көп қолдаса, жауды жеңбей қоймайды», «Көптің қолы ұзын» деп, қазақ халқы қауымдастықты отбасылық, туыстық, рулық береке-бірлікті сактау мақсатында тиімді пайдаланған.

Адамгершілікті қарым-қатынас мәдениетінің құрамды бөлігінің бірі – әдептілік. Ол мінез-құлық мәдениетінің маңызды саласы ретінде тәрбие барысында қалыптасады. Әдептіліктің түрлерінде терең мағыналы моральдық мәлімет орын алады. Мәселен, қазақ халқының сәлемдесуі тұлғаның моральдық қасиеттерінен көрініс береді. Халық арасында сәлемдесудің бірнеше түрі бар. Оларды қолдану сөйлеушінің жасына, жынысына, қоғамдағы орнына байланысты. Қазактардың сөйлеу әдебінде ұлкендерге «Сіз» деп, өз құрбы-құрдастарына, өзінен кішілерге «Сен» деп ықылас білдіреді. Әйел адамдар «Есенсіз бе?», «Сәлеметсіз бе?», «Амансыз ба?», «Саусыз ба?» деп сәлемдеседі.

Алыс жолдан келген жолаушыға (тіпті алты жасар бала келсе де) ауыл ақсақалдары, азаматтары әдейі іздел барып сәлем береді. Бұл қалыптасқан ұлттық мәдени дәстүр болып саналады. Келіндердің сыйлы ата, ене, қайнағаларына иіліп сәлем беруі де, үлкен кіслерден табак қайтқанда сәлем етуі де ата дәстүріне жатады. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста сәлемдесудің «Кеш жарық», «Қайырлы күн», «Қайырлы кеш»; қоштасудың «Жолыңыз болсын», «Сау болыңыз»; сыпайы сөйлесудің «Кешіріңіз», «Рақым етіңіз», «Рұқсат болса», «Айып етпеніз», «Ғафу етіңіз», «Оқасы жоқ» және т.б. түрлері де кездеседі. Амандық-саулық барысында «Ел-жұртың, мал-жаның, қора-қопсың, бала-шагаң аман ба?» деп сұрау; алыстан жолаушылап келген адамға «Аяқ-қолың аман ба? Денің сау ма? Аман-есен келдің бе?» – деп сәлемдесу де қазақ халқының ежелден келе жатқан адамгершілікті қарым-қатынас мәдениетінің, әдептілігінің көрсеткіші екені даусыз. Осы моральдық қасиеттерді жас үрпақтың бойына сіңісті етуде халық ауыз әдебиетінде көрініс алған тарихи бейнелердің әдептілігін, көргенділігін мәселен, Алпамыс жырындағы Гүлбаршынның қайнағасына

«иіліп, бүгіліп, қол қусырып, тізесін басып, сәлем беруін», Алпамыстың ақсақалдарға «қырық қадам жетпей, аттан тұсіп, қол қусырып, сәлем бергенін» үлгі ете білген.

Қарым-қатынас барысында өзі ренжіткен адамынан «кешірім» сұрай білуге, өзін ренжіткен адамға «кешірімді» болуға, өзіне жақсылық жасаған адамына дер кезінде ризашылық сезімін білдіріп, «рақмет» айта білуге, өзгелердің алдында өзін беделді ұстай білуге үйреткен. Бұл қасиеттерді саналы адамгершіліктің, ішкі мәдениеттің, мінез-құлық әдебінің көрсеткіші деп түсіндірген.

Халық өзара қарым-қатынаста сөз тіркестерін орынды пайдалануды мәдениеттіліктің белгісі деп таныған және оның мейілінше құлаққа жағымды болуын ескерген. Мысалы, ұрып-соқпау дегенінде орнына – жәбірлемеу; бөспе-суайт дегенінде орнына – қосып айту; ұрлық жасамау дегенінде орнына – біреудің ала жібін аттамау; мылжың деудің орнына – сөзуарлау; өлді дегенінде орнына - қайтыс болды, қайтты, келмес сапарға кетті, қаза болды, көз жұмды; қомді деудің орнына – жерлеу, жамбасы жерге тиді деген сөз тіркестерін қолданған. Мұның да бүгінгі жастарды адамгершілікті қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеуде берері мол.

Қазақ халқында ертеректе келіндердің қайын атасының, қайын сіңлісінің аттарын атамайтын моральдық-этикалық дәстүрлердің бар екендігі де баршаға белгілі. Мысалы, жаңа түсken келін қайнысына, қайын сіңлісіне «Еркем», «Тентегім», «Қоңыр қозым», «Сері жігіт», «Тотым», «Арайлым», «Шырайлым» деп ат қойған. Эке мен шеше де отбасында бір-бірінің атын атамай, «әкесі», «шешесі», «көкесі», «отағасы», «анаңы» деген сөздерді қолданған. Бұны қазақ отбасында жазылмаған заң түрінде ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға беріліп келе жатқан қарым-қатынас мәдениетінің ерекше бір нәзік көрінісі десе болады. Халықтың үлгі тұтар осындағы дәстүрін аңыздан да байқау қын емес: «Бір келіншектің алты қайнағасы болыпты. Олардың азан шақырып қойған есімі мынадай болса керек: Өзенбай, Қамысбай, Қасқыrbай, Қойшыбай, Пышақбай, Қайрақбай. Бірде жас келіншек өзенге су алуға барса, бір қойды қасқыр жейін деп жатқанын көреді де, қасқырды жасқап үркітіп жіберіп, қой арам өлмес үшін хабар беруге үйге асыға жүгіріп келіпті-міс. Сонда келіншек үйдегілерге: «Сарқыраманың арғы жағында, сылдыраманың бергі жағында маңыраманы ұлымға жейін деп жатыр екен, ұлыманы үркітіп жібердім. Енді маңыраманың арам өліп қалатын түрі бар, тезірек қынаманы жанымаға жанып-жанып алып жетіңіздер!» – деген екен [6]. Бұл аңыз, біріншіден, жас келіншектің тапқырлығын көрсетсе (қайнағаларының атын атамай, оларды сарқырама, сылдырама, маңырама, ұлымға, қынама, жанымаға тенеуі), екіншіден, отбасындағы адамдар арасында қалыптасқан моральдық-этикалық талап, ережелерді байқатады.

Жалпы айтқанда әдептілік қоғамдық деңгейдегі сыпайылықтың талаптарын, адамдардың тіршілік әрекетінің нақты жағдайларына ыңғайлана қабылданған мінез-құлық ережелерін көрсетеді. Олар қазақ жерінде рухани мәдениетті қалыптастыруды аса маңызды орын алған. Мәселен, сонау көне дәүірден кейінгі ғасырлар кезеңдерінде әдеп пен әдептілік философиялық шығармалардың, шежірелер мен жырлардың, халық аңыздары мен рухани мәдениеттің басқа туындыларының маңызды құрамды бөлігіне енді. Қазақ жеріндегі әдеп ойларының ерекшелігі тұлғаның мінезін анықтау ретінде руханилығын дәлелдеу, адалдық, батылдық, сыпайылық, батырлық, мағыналы ойлылық және т.б. ішкі адамгершілік қасиеттерін ескеру болып табылады. Тұлғаның осы ішкі қасиеттерін қалыптастыру тәрбиенің тиімді жолдарымен жүзеге асырылып, практикалық істермен, мінез-құлықпен, іс-әрекет нәтижелерімен байланыста болды. Қазақ елінің тарихына рухани тәрбиеші, ағартушы, моральдық қорғаушы ретінде енген патшалар, ғұлама ойшылдар, би-шешендер, ағартушы-ғалымдар, ірі саясаткерлер, қолбасшылар және т.б. аз емес. Олар қоғамда рухани-адамгершілікті қөзқарасты бекітіп, қалыптастыруды көп еңбек сінірді.

Осының бәрі әдептіліктің, тұлға мінез-құлқының сыртқы көрінісі ретінде әрдайым оның рухани дүниесінің ішкі моральдық мазмұнымен байланыста болатынын дәлелдейді. Сыртқы мәдениет ішкі мәдениеттен ешқашан ажырамайды, егер олардың арасында үзіліс болған жағдайда, ол қандай да бір іс-әрекеттің аясында көрініс алмасын, тұлғаның рухани тұрғыда толық жетілмегенін білдіреді, бұл ерте ме кеш пе оның басқа адамдармен қарым-қатынасында көрініс алады. Ал егер адамның ішкі қасиеттері оның рухани бейнесі

мазмұнында жетекші роль атқарса, онда әдеп ережесіне негізделген мінез-құлық естетикасына да немкүрайлы қарауға болмайды.

Халық бұл мәселені де байыппен қабылдаған. Баланың сыртқы және ішкі мәдениетін үйлесімділікте қалыптастыруда «сана-сезімдік дәстүрлердің» мүмкіндіктерін тиімді пайдаланған. Солар арқылы халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінде, салт-дәстүрлерінде, өнер және т.б. туындыларында орнықкан рухани мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерімен, өмірімен, тәрбиедегі талап-тілектерімен таныстырган, оларды күнделікті өмірде саналы пайдалана білуге, басқа ұлт өкілдеріне мақтаныш сезіммен таныстыра білуге үйреткен, ұлт мәдениетінің озық дәстүрлерін көздің қарашығындаң сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білуге дағдыландырган.

Халықтың ойы, арман-мұддесі, үміті, мінезі, талабы, өткендегі тарихы ана тілінде, сөзінде көрініс алады, бүгінгісі де, болашағы да соған негізделеді деген сеніммен әсіресе ана тілін, сөз өнерін жоғары бағалаған. Ана тілінің көмегімен балаға халықтың ой-санасынан, таным-сезімінен, тыныс-тіршілігінен, халық рухынан түсінік беріп, ана тілін сүюге, ана тілінде сөйлеуге айтайын деген ойын логикалық жүйеде жеткізуге, ана тілінің құдіретті күшін сезінуге үйреткен. Сөзден күшті қару жок, «Сөз тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Білімдінің сөзі жібектей, білімсіздің сөзі білектей», «Сөз тапқанға қолға жок» – деп, айтылар ойдың мағыналы, қысқа да нұсқа болуына аса мән берген. Жас жеткіншектерден сөз мәдениетін менгеруді, оған жауапкершілікпен қарауды, әсерлі де орынды сөйлеуді талап еткен. Сөйлеу мәдениеті адамның ой-санасын, білім деңгейін, рухани қозқарасын көрсететінін, адамның адами моральдық-этикалық деңгейі соған қарап бағаланатынын ескертуден жалықпаған.

Халықтың табиғи шүрайлы тілі, сөйлеу мәдениеті, сөзге, ана тіліне деген қөзқарасы бүкіл ауыз әдебиетінде көрініс тапқан. Олардың қайсыбірінен болмасын қазақ тілінің байлығы, көркемділігі мен бейнелілігі, әуезділігі мен тәрбиелік мәні айқын танылады. Оны кезінде, қазақ тілінің тазалығына тәнті болған В.В. Радловтың: «Қазактардың тілі – исламның бұлдірушілік әсеріне ұшырамай, тұпқы таза түрін – түркілік сипатын сақтап қалған тіл... Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилылығы, сондай-ақ таралғандығы бұл тілдегі мұраларды менің көбірек жинап, оған әдебиет нұсқауларынан құрастырган жинақтардың толық бір томын арнауыма себеп болды. Оның үстіне қазақтың басқа бауырластарына қарағанда сөзге тапқырлығы мен шешендігі де маған әсер етті... тіпті еш сауаты жоқ қазақ өз тілінің қуатын таныту жөнінен біз Европада жолықтырып жүрген француз және орыстардан кем түспейді. Егер олар әнгіме айта қалса, сөздері тартымды, жанға жайлы болып келеді... Қазақтардың ақыл-ой қабілетінің зор екеніне барған сайын көзім жете түсуде. Қандай әсем сөйлейді. Айтқысы келгенінің бәрін тез түсіндіріп, қарсыласының сөзіне де шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті балаларының ақыл-есі де тез жетіледі» – деген сөзінен байқау қын емес [7].

В. Радловтың бұл сөзінде үлкен шындық жатыр. Қазақ халқы сөз өнерінің сұлулығынан халықтың, тіпті сол сөзді сөйлеп түрган адамның жан сұлулығы көрінеді деген оймен, бала бойына осы қасиетті ертегі, аңыз-әнгімелердің көмегімен ерте бастан сіңірісті ете білген. Халықтың осы тілге деген құрмет-талабын В.В. Радлов өзінің жинаған ертегілерінде асқан шеберлікпен сипаттаған.

Халықтың сана-сезімдік дәстүрлері сондай-ақ халықтың рухани танымында, наным-сенімдерінде, рәсімдерінде, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінде жан-жақты көрініс алады.

Тұғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен, –

деп ұлы Абай айтқандай, қазақ салтында адам баласы, шілдехана әнінен жоқтау жырына дейін ұласкан қамшының сабындағы тіршілігінде өзіне тиесілі сый-сияпты мен тауқыметі, қуанышы мен қайғысы бар ғұмыр иесі ретінде сипатталады. Адам өмірінің әр кезеңдері ырым-салттар, жол-жоралғылармен, қызығы мол той-думандармен атап өтіледі. Оларды былайша топтастыруға болады: бала қуанышына қатысты тойлар мен жиындар, үйлену тойы, жерлеу салты, діни рәсімдер, діни мейрамдар, маусымдық той-мерекелер.

Қазақ балаларының ерте жастан халықтың осындай әдет-ғұрып салт-дәстүрлерінің күесі болып, олармен біте қайнасып өсуі, елінің тарихын сипаттайтын терең ойлы азыз-әңгімелерін, халықтың ақындық-жыршылық өнерін, жүрек қылын тербетіп, тебірентетін ән-күйлерін эмоционалдық сезіммен қабылдап, саналы ой елегінен өткізуі, оларды ана тілін құрмет тұтып, халықтың рухани мәдениетін аялап сактауға машықтандырды. Дарынды деген жастарға ата-мұра дәстүрін жинап, зерттеуге жол ашты. Бұл тұрғыда қазақ халқының басқа халықтармен мәдени достық қарым-қатынаста болуы да үлкен әсерін тигізді. Мәдени қарым-қатынас қазақ халқының болашағына үлгі боларлықтай Шоқан, Ұбырай, Абай сындығұламаларды дүниеге әкелді.

Мәселен, кадет корпусын бітірген Шоқан шығыс және европалық білімді менгерді, жоғары білімді оқытушылардан (Н.Гонсевский, И.В.Ждан-Пушкин, В. П.Лободовский, Н.Ф.Костылецкий) дәріс алды, атақты ғалым Г.Н.Потанинмен, жазушы Ф.М.Достоевскиймен, ғалым-саяхатшы П.П. Семенов-Тян-Шанскиймен достық қарым-қатынаста болды, олармен бірге өз халқының мәдени мұраларын жинап, географиялық ерекшеліктерін зерттеумен бірге, басқа халықтардың да (орыс, қытай, үйғыр, қыргыз және т.б.) мәдени, тарихи дәстүрлерін менгерді. Зерттеулерін орыс тіліне аударып басқа ұлт өкілдеріне танымал етті. Ұбырай Алтынсарин да өз халқының рухани мұрасын жоғары бағалап, мектеп тәжірибесіне ендірді. Басқа халықтардың мәдени дәстүрлерінің рухани адамгершілікті қалыптастыруды мәнін де жақсы түсінді, өзінің «Қазақ хрестоматиясына» орыс классиктері (И.Крылов, Л.Н.Толстой және т.б.) еңбектерінің балалар әдебиетіне тән ерекшеліктерін ұтымды енгізе білді. Бұл еңбегін жазуда К.Д.Ушинскийдің, Л.Н. Толстойдың, И.И. Паульсон мен Н.А. Корфтың идеяларын негізге алды.

Ұлы Абай болса, Шығыс классик ақындарының (Фирдоуси, Низами, Шейх Сағди, Хожа Хафиз, Науай, Физули, Бабыр) шығармаларын жетік білді, араб, иран, шағатай тілдерін менгерді. Орыс классиктері А.С.Пушкин, М.Лермонтов, М.Салтыков-Щедрин, Л.Н. Толстойдың шығармаларын оқып таныды. А.С.Пушкин, М.Лермонтов, И.Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аударып қана қоймай, бірқатарына ән де шығарды.

Абай бұл халықтардың тілін, мәдениетін менгерге отырып, оны асқан шеберлікпен пайдалану арқылы қазақтың көркем әдебиеті тілін жаңа лексикалық-семантикалық мазмұнмен, халықтың тілі мен поэзиясының стилизациясын жаңа тәсілдермен, жаңа сөз тіркесі түрлерімен байытты. Бір сөзben айтқанда, қазақ халқының көркем әдебиетін басқа халықтардың озық мәдени дәстүрлерімен ұштастырды.

Қазақтың мәдени дәстүрлерінен басқа ұлттың зерттеушілері де өздеріне жақын ұқсастықты көре білді. Мысалы, кезінде И. Рыбаков: «...қазақ музыкасын зерттеу орыс музыкасына ағартушылық ықпал жасай алады және данышпан А.П. Бородин өзінің «Князь Игорь» операсында біздің Шығыс бүратана халықтарымыздың музыка ерекшелігін көп ретте таңғажайып шеберлікпен дөп басқан» деген пікір айтса, кейінректе оның пікірін Б.Г. Ерзакович те қуаттаған [8]. Ол «Князь Игорь» операсындағы қыпшақ қосынының кейір көріністері қазақ халық әндерімен жақын тақырыптық байланыста екенін жеткізе жазды.

Қазақ халқының жоғарыда аталған моральдық-этикалық дәстүрлерді (ар-намыс, абырайлық, мінез-құлқықтық, сана-сезімдік дәстүрлер) адамгершілік тәрбиеде тиімді жүзеге асыруы әрине педагогикалық талаптарды орынды пайдалануына байланысты. Атап айтсақ, тәрбие үдерісінде нақты занылыштарды (моральдық-этикалық дәстүрлер арқылы адамгершілікке тәрбиелеу қоғамның талабынан туындейды; моральдық-этикалық дәстүрлердің адамгершілікке тәрбиелеу міндеттері өзара байланысты; моральдық-этикалық дәстүрлерге адамгершілік көзқарастың дұрыс қалыптасуы кіші ортага және өзін-өзі тәрбиелеуге байланысты; моральдық-этикалық дәстүрлерге негізделген адамгершілік тәрбиесі жеткіншектердің жас және дара ерекшеліктеріне тәуелді; моральдық-этикалық дәстүрлерге ынта-ықыласты арттыру күнделікті іс-әрекетте қолданған тәсілдердің тиімділігіне байланысты және т.б.) және онтайлы принциптерді, соның ішінде табиғильтік принципін (баланың мінез-құлқын, сана-сезімін, моральдық ұстанымын, ұстамдылығын, дene құштерін табиғат занылыштарына сәйкестендіре отырып дамытуды көздейді); бірізділік принципін (моральдық-этикалық дәстүрлерге негізделген адамгершілік тәрбиені баланың жас кезеңдеріне қарай жүзеге асыруды көздейді); ұжданылық принципін (мінез-

құлық пәктігі мен жан дүниесінің пәктігін, яғни рухани пәктік пен ұжданылықты үйлесімділікте жүзеге асыруды мақсат тұтады), қадағалау принципін (баланың сана-сезіміндегі, міnez-құлқындағы өзгерістерді бақылайды, әр нәрсеге орынсыз еліктемеуін, әдептілік пен ұстамдылық көрсетуін, ақыл-кеңеске зейін қоюын қадағалайды) негізге алған.

Балалар мен жастардың ар-намыс пен абыройға деген көзқарасын, міnez-құлық мәдениетін, танымдық сана-сезімін қалыптастыруда халық тәжірибеде көрініс алған қағидаларды тірек еткен (ар-намыс пен абыройға, міnez-құлыққа қойылатын талаптарды бала жастан менгерту; моральдық-этикалық мәдениетін дамытып, сана-сезімін жетілдіруде дидактикалық талаптарды ескеру (қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға, жалпыдан жекеге қарай және т.б.), міnez-құлық дағдыларын ескеру; ар-намыс пен абыройға қатысты құндылықтарды бағалай білуге бейімдеу; ұлттық құндылықтарды саналы түрде қабылдауға бағдарлау және т.б.). Әдіс-тәсілдер мен амал-жолдарды (қайырымды, ілтиппатты қатынас жасау, ақыл-кеңес беру, моральдық қолдау, ұлті көрсету, сенім арту, ескерту, талап ету, мақтау, біреудің өнегелі ісін ұлті ету, жазғыру, тұспалдап айтту және т.б.) ұтымды пайдаланған. Солардың ішінде моральдық қолдау, талап ету, біреудің өнегелі ісін ұлті ету әдістерін құнделікті іс-әрекетте пайдалану арқылы баланың моральдық-этикалық түсінігіне, тәртібіне қажетті дағдыларды қалыптастырған.

Балалардың өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің де осы заңдылықтар мен принциптерге, қағидалар мен әдіс-тәсілдерге негізделуін қадағалаған. Еңбек әрекеттері барысында жүзеге асырылатын өзін-өзі тәрбиелеу мәселесіне көніл бөлген. Баланың өзін-өзі тәрбиелеудегі талпынысын қолдап, жақсы болжамдарының орындалуына көмектескен.

Демек, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келген қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлері тәрбиенің өзіне тән нақты бір жүйесі болғанын, ұрпақтардың бұл дәстүрлерде өз ұлттының дүниетанымын, бет-бейнесін, әдеп, міnez-құлық ережелерін, болашаққа деген сенімін сақтай білгенін көрсетеді. Оның бүтінгі жаңа заман ұрпақтарының адамгершілікті моральдық-этикалық көзқарасын, моральдық-этикалық мәдениетін, моральдық міnez-құлқы мен танымдық санастың қалыптастыруда да берері мол.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Шешендік жырлар. //Құрастырған: И. Есхожин. – Алматы. – 1993. – 63 - б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы. – 1975. – 51-52 – бб.
3. Яссаяи А. Диуани хикмет. – Алматы. – 1993. – 40 – б.
4. Құнанбаев А. Шығармалардың бір томдық жинағы. – Алматы. – 1961. – 452 – б.
5. Айтматов Ч. Собр.соч.: В 7-ми томах. Т.2. - 1998. – 127 - б.
6. Габдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы. – 1996. – 69 б.
7. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Т.5. – СПб. – 1885. – С. 8–10.
8. Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахского народа. - Алма-Ата. – 1966. – 379 с.

УДК 37.018.11(=512.1)

Әтемова Қ.Т., п.ғ.д., доцент
Қ. А. Иассаяи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қаласы

БҮГІНГІ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ ДӘСТҮРЛЕРИНІҢ ДАМУЫНА ЖАҢАНДАУ ҮРДІСІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Резюме

В статье рассматривается влияние процесса глобализации на сложившиеся традиции воспитания подрастающего поколения в семье, раскрываются особенности, характеризующие образ жизни современной семьи. Автор приводит статистические данные, свидетельствующие о негативных тенденциях в укладе семьи, в семейных взаимоотношениях, как следствия процессов глобализации и социализации. По мнению

автора, нивелирование сложившейся ситуации требует учета традиционного стиля и уклада семейного воспитания, народного опыта воспитания в семье, которые раскрыты в трудах казахских мыслителей, философов и педагогов-просветителей.

Abstract

The article examines the impact of globalization on the established traditions of education of the younger generation in the family, describes the peculiarities that characterize the lifestyle of the modern family. The author cites statistics showing negative trends in the way of family, family relationships, as a consequence of globalization and socialization. According to the author, the leveling of the situation requires consideration of the traditional style and way of family education, people's experience of education in the family, which are disclosed in the works of Kazakh thinkers, philosophers and teachers of the enlightenment.

Өзекті сөздер: отбасы, отбасы тәрбиесі, тәрбие дәстүрлері, отбасылық қатынас, жаһандану үдерісі, әголитарлық үдеріс, ұрпақтар сабактастығы, этномәди рухани жалғастық.

Салауатты да татулығы жарасқан отбасыларында өнегелі ұрпақтың өсетіні айқын. Оларды ата-ана өнегесімен қатар ата-аналық парыздар негізінде кемелдендіре түсеміз. Әйтседе, қоғамда болып жатқан өзгерістер мен келенсіз құбылыстар тәрбиенің өзегі болған отбасы дәстүрлерінің қалыпты дәстүрден алшактап, табиғатымызға жат қылыштарға бой алдырығанынан дерек береді.

Бұғынгі қоғамның дамуына сәйкес отбасына деген көзқарастарда өте маңызды өзгерістер орын алды. Нарықтық қатынастың талаптары экономикалық фактордың мәнін күшайте түсті. Бұл ата-аналар мен педагогтардың бүкіл қызыметінің тұлғалық - педагогикалық, құндылық-адамгершілік факторына қайта бағдар жасау керектігін туғызды. Қазіргі кезде психологиялық қорғаудың және онды әсерленушілікті қалыптастырудың қайнар көзі отбасы деген көзқарас бұзылды. Отбасындағы ата-аналар өз балаларының тәрбиесін мектеп міндетіне жүктесе, көшпілік қауым әлеуметтік ортаның ықпалын көлденен тартады. Соған қарамай, әр адамның жеке басының бақытын қамтамасыз ету отбасының міндеті болып саналады және әлеуметтік құндылықтар болып табылатын мақсаттарды жүзеге асыру, жас ұрпақты әлеуметтендіру бұрынғысынша отбасының жауапкершілігінде қала береді.

Педагогикалық зерттеулер бойынша осы заманғы отбасының әлеуметтік, рухани және құндылық ахуалының төмендігі салдарынан адамдар арасындағы адамгершілік қарым - қатынастардағы өзгерістерге байланысты жалғыз басты аналардың, экесіз, анасыз және тастанды балалардың саны жыл сайын көбейе түсken (жыл сайын 90 мыңдан астам бала тастанды аталады, сонымен қатар бұғынгे дейін 5591 бала шетелге сатылған), жастардың отбасылық өмірге жеңіл қарауы немесе отбасын құруға деген ынта-ықыласының төмендігі, асықпауы, тіпті ажырасу фактілерінің көптігі орын алған келеді [1].

Отбасы тәрбиесі, бұл қоғамда өскелең ұрпақты тәрбиелеу институтының бірі ретінде ата-аналардың құнделікті отбасылық-тұрмыстық объективті ықпалымен үйлесетін мақсатқа бағытталған педагогикалық әрекеттері болып табылады. Қоғамның дамуында біз европалық бағытты ұстандық. Зайырлы мемлекет болдық деп табиғатымызға тән шығыстық тәрбие дәстүрлерін ұстанудың орнына табиғатымызға жат батыс мәдениетін отбасы тәрбиесінде ту етіп көтердік. Нәтижеде қазақ отбасының бейнесі, тәрбие болмысы түбегейлі өзгерді. Соның нәтижесінде бұғынгі отбасына жаһандану үрдісінің ықпалы ерекше әсерін тигізді. Оларды мынадай бірнеше белгілермен сипаттап көрсетуге болады:

- біріншіден, жас отбасыларының 50-70% ға жуығы ата-аналарынан бөлек жеке тұрғысы келетіндігін айтады. Бұл отбасындағы тәрбиенің ұйымдастырылуына екі жақты ықпал етеді. Біріншіден, жас отау иелері ерте өзбетінше өмір сүруге бейімделсе, екіншіден, отбасындағы ұрпақтар сабактастығы үзіледі. Отбасындағы ересектер немере қызығынан шектеліп, жас отбасылары бала күтімі мен отбасы өмірін дәстүрлі тұрғыда ұйымдастыру бойынша көмек алудан шектеледі. Шын мәнісінде халқымызда отбасы тәрбиесі ұрпақтар сабактастығы негізінде жалғасын туып келген. «Кариясы бардың қазынасы бар» деп үққан

халқымыз ересектер кеңесіне құлақ асып, тәлімдік әрекеттерді үйымдастырған. Жас отау иелерін отбасылық қарым-қатынас пен бала құтіміне байланысты әртүрлі дәстүрлер мен талаптарға үйретіп отырған. Тіпті болмағанда отбасылық өмірге баулып, кейіннен еншісін беріп бөлек шыгарған. Сондай-ақ, қазақ отбасы тәрбиесі бір шаңырақтың астында өмір сүретін бірнеше ұрпақтың өзара ынтымақтастығы негізінде үйымдастырылатын тамаша ұрпақтар сабактастығы арқылы жүзеге асырылып отырған. Оған мынадай мысал дәлел: «Өзінің маңдай терімен тапқан еңбек ақысын үшке бөліп отырған бір кісіден оның мән жайын сұрағанда, ол: «бір бөлігін қарызыма берем, ал, екінші бөлігін қарызыға берем, үшінші бөлігі ғана өзімдікі» деп жауап берген екен. Бұл мысалдың астарында қазақ халқының тарихи дамуында қалыптасқан өмір салтының көрінісі жатыр. Үш ұрпақтың: «ата- әке - бала» арасындағы қарым- қатынастың біртұтастығы мен тәрбиелік өнеге сабактастығы арқылы отбасы тәрбиесінің тиімді түрде іске асуы сипатталады.

- бүгінгі отбасына тән тағы бір ерекшелік, отбасы ішілік қарым-қатынаста демократиялық және эголитарлық үрдіс белсенді байқалады. Яғни мұндағы қарым-қатынаста ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың бір-бірінің алдындағы міндеттерінен көрі, автономиялық құқықтары мен бостандығы басым көрінеді. Мұнда дәстүрлі отбасыларына қарағанда демократиялық отбасыларындағы ерлі-зайыптылар бір-біріне моральдық-психологиялық түрғыда талаптарды (өзара түсінісу, көніл аудару сыйлау, қамқорлық көрсету, қолдау, шыдамдылық таныту секілді) жоғары қояды.

- отбасы дамуының тән тағы бір ерекшелігі ажырасу фактілерінің үйреншікті құбылысқа айналуы. Ұлттық болмысымызға тән тәрбиенің халықтық сипат алуды қүшін жойып, қоғамдық пікір бойынша да ажырасу құбылысы проблемадан шығудың бір жолы ретінде қарастырылуымен байқалады. Нәтижеде, жалғыз басты аналар, толық емес отбасылары және т.б. типтері көбейіп барады (жыл сайын үйленуге арыз берушілердің 40 % қайта ажырасады).

Сондай - ақ, некеге тұрмай - ақ, бала табу дәстүрі де бүгінде үйреншікті жағдайға айналып барады. Мұндай жағдай әсіресе қара көз қазақ қыздары арасында басым болып отырғандығы өкінішті - ақ.

- бүгінгі отбасы тәрбиесіне тән тағы бір ерекшелік отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас пен өзара мейірімділіктің жеткіліксіздігі. Ата-аналар күні бойы үйде болмағандықтан, бала тәрбиесі назардан тыс қалады. Ата-аналар мейірімі ақшалай, заттай, материалдық қамтамасыз етумен толықтырылады. Мұндай отбасыларының тәрбиелік мүмкіндігі төмен болады. Осы орайда біз В.А.Сухомлинскийдің «Бала отбасындағы мейірімділіктің аздығынан ғана зардап шекпейді, оның ұшан теңіз молдығынан да зардап шегеді» деген қағидасын естен шығармауымыз керек [2]. Себебі, мейірімділіктің көрген бала жасық, тұйық, ұяң, өзіне сенімсіз және т.б. болып өссе, мейірімділіктің молынан көрген бала жалқау, өзімшіл, такаппар және т.б. болып өседі.

Бүгінгі отбасы жағдайында бала тәрбиесін үйымдастыру ата-аналардың көптеген ғылым саласынан білімді де қабілетті болуын керек етеді. Ата-аналардың дені отбасын асыру мен олардың қажетін қанағаттандырумен уақыттарын өткізуде. Ал бала тәрбиесі назардан тыс немесе өзге адамның қолында болып отыр. Олай дейтін себебіміз, бүгінгі күні әрбір үйде демесек те, бес отбасының бірінде бала құтуші жалданып жұмыс істейді. Ата-бабаларымыздың ұлағатты өсietтерін еске алатын болсақ, бұл табигатымызға, қала берсе тәрбиемізге жат дәстүр дер едік. Түріктің ұлы ғұламасы Ж.Баласағұн, әрбір ата-ана баласын өзге жерде емес, баласын өз үйінде тәрбиелеуі тиіс деп атап көрсеткен болатын[3]. Себебі, елден ерте кеткен бала отбасы мен туыстарына сұық болып қалыптасады деп түйеді. Бізде бүгінгі күні бала өз отбасында тәрбиеленгенімен бөтен адамның тәрбиесі мен мейірімін алып өседі.

Мұндай ерекшеліктер отбасы міндеттерінің толық қанды орындалмауына алып келді. Нәтижеде тәрбие тиімділігі төмендей, қоғамда жасөспірімдер арасында келенсіз жағдайлар кеңінен орын алатын болды. Оған дәлел бүгінгі статистикалық мәліметтердің көрсеткіштері. Атап айтқанда, бүгінде Республика көлемінде 7530 кәмелетке толмаған бала қаңғыбас атансып, үйінен кетіп қалған, 1403 бала ата-ана қамқорлығынан айрылған, 312 бала қылмыстық істер жасауға бейім болғандықтан сottың шешімімен арнайы тәрбие мекемелеріне тәрбиеленуде. Ол аз болғандай өз өзіне қол жұмсау көрсеткіші бойынша да біз

дүние жүзі бойынша үшінші орында тұрмыз. Мұндай жағдай әсіресе мектеп жасындағы балалар арасында басым болып отыр. Мысалы, бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысының өзінде 2010 жылдың ішінде 10 бала өмірден озған [4].

Мұндай келенсіз көрсеткіштердің орын алуы ұлт болашағын алаңдатып отырған проблема ретінде мемлекеттік тұрғыда қолға алынып, нақты тәрбиелік шараларды енгізуді керек етеді. Өйткені, тарихымызда бұрын сонды болып көрмеген мұндай келенсіз жағдайлар қоғамымыз ілгері басқан сайын өркениеттің, ғаламдық тәрбиенің бір көрінісі ретінде етек алғып барады. Бұл келенсіз жағдайлардың пайда болуы, *bіріншіден*, табиғатымызға жат батыс мәдениетінің жастарға теріс ықпал етуі болса, *екіншіден*, жастарды отбасылық өмірге дайындаудың жеткіліксіздігі.

Шындығында да жастарды болашақ отбасы өміріне мектепте, университет қабырғасында арнайы дайындықтан өткізу іске асырылмайды. Тәжірибеде жастар болашақ отбасылық өмір туралы ақпарат алуға мұқтаж және өте қызығушылығы жоғары. Өкінішке орай біз маман даярлауға аса үлкен мән береміз және барлық инновациялық технологияларды пайдалануға тырысамыз, бірақ олардың отбасы өмірін ұйымдастыруға қаншалықты қабілетті болып шығуна мән бермейміз. Сондықтан, университет қабырғасында маман даярлағанда оларды жан-жақты қалыптастыру үшін тәрбие кешенді ұйымдастырылғаны жөн деп білеміз. Ол үшін оқу жоспарының таңдау компонентіне отбасы педагогикасы пәннің ендіру қажет. Сонда ғана олар ертең мектепке барғанда ата-аналармен жұмыс жүргізуге қабілетті болады. Ал педагогикалық емес бағыттағы мамандықтағы студенттер өз балаларын тәрбиелеу мен отбасы өмірін ұйымдастыруды қажетті ақпараттар алғып, сауатын жетілдіріп шығады.

Сондықтан да, халқымызға тән отбасы тәрбиесінің дәстүрлерін жаһандану жағдайында да тәрбие өзегі етіп алғып, нарық талаптарын ұлттық құндылықтарымызбен сабактастыра ұйымдастыру маңызды. Қашанда ата бабалар өсietі мен тәрбие тәжірибелерін есте ұстаған жөн.

Осы тұста Абайдан кейінгі оның ізбасары М.О.Әуезов мәдениеттің әрбірі қолұстаса, ілесе дамуы үшін әрбір ұрпақ өмір табалдырығынан аттағанда бұрынғы ұрпақтардың тәжірибесіне сүйені қажет екендігін айта отырып, «Бұл адамның есіне эстафетаны еріксіз еске түсіреді, бірақ бұл ерекше эстафета, өйткені, ондағы өнердің әрбір жаңа кезеңі өзіне жаңаны қабылдап, сол арқылы байып, дамып отырады», - деген болатын [5]. Бұл дәстүр мен жаңашылдықты бір-біріне қарама-қарсы қою мүлдем болмайтынын көрсетеді. Өйткені, жаңашылдық бұрынғының ескі деген түсініктен барды жою емес, сонымен бірге, дәстүрді сақтау деген бір орында ілгерілемей қалу да емес екенін ескертіп, дәстүр мен жаңалықтың диалектикалық байланыста екенін дәлелдейді.

Өйткені, ұрпақтардың байланысы үзілетін болса, қоғам бүлінеді. Осы тұста М.О.Әуезов «Мәдениеттің әрбірі қолұстаса, ілесе дамуы керек. Откендерігі менсінбей қараша да болсын орасан зор шығындарға әкеліп соқтырады. Әрбір ұрпақ өмір табалдырығынан аттағанда бұрынғы ұрпақтардың тәжірибесіне сүйенеді», - дейді [6]. Мұндай жалғастық рухани этномәдениетіміздің барлық саласына: білім, тәлім - тәрбие, таным - тағылым және тағы басқалар тән.

Осындай қасиетті ата-бабаларымыздың құнды педагогикалық мұраларын өскелен ұрпақ тәрбиесінде пайдалануда қазіргі отбасы өз деңгейінде қызметін атқара алмай отыр. Қоғамдық отбасылық қатынастардың жалпы бағытын айқындау мен үйлестіру тек әлеуметтік - экономикалық емес, ең алдымен үлкен маңызы бар психологиялық-педагогикалық проблема болып отыр, өйткені, жасөспірім ұрпақтың ізгілік-адамгершілік деңсаулығы бүкіл қоғамның құндылығы.

Жоғарыда қарастырылған мәліметтерге жүгіне отырып ойымызды тұжырымдасақ, қазақтың біртуар перзенті М.О.Әуезовтың «Ел болам десен, бесігінді түзе!» [7] деп айтқанындағы әрбір дүниеге келген бала тағдырын мемлекеттік деңгейде отбасылық тәрбие жағдайында іске асыруды ойластыруымыз керек. Ол үшін қазақ отбасы тәрбиесін дәстүрлі ұлттық тұрғыда ұйымдастыруды қамтамасыз ететін «мектеп – отбасы – кәсіби білім беру мекемелері» арасындағы кешенді бірлікті сақтай отырып, отбасылық тәрбие жұмысын жүйелі жүргізу қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жағда Бабалық. Біздің тәрбиеміз жөргегінен бұзылып жатыр. //Қазақ әдебиеті, 2004. – 4 - 6.
2. Сухомлинский А.В. Балаға жүрек жытуы. Шығармалар толық жинағы – Алматы. - 1987. – 476 - б.
3. Баласағұн Жұсіп. Құтадғу білік /баспаға дайындаған Әбжан Құрышканұлы. - Түркістан: Тұран. - 2004. – 555 -б.
4. Қазақстан Республикасының статистикалық жылнамалығы. – Астана. – 2011. – 480 - б.
5. Әуезов М.О. Дәстүр және жаңашылдық диалектикасы //Ақиқат. – 1996. 1 қантар.
6. Ауезов М. Мысли разных лет. – Алматы. – 1965. – б.-18.
7. Әуезов М. Адамдық негізі – әйел. 20-томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы. – 1984. –Т.15. - 47-51 – бб.

УДК 37.017.924

Кошербаева А. Н., д.п.н.
профессор, КазНПУ им. Абая,
г. Алматы

ИНСТИТУТ ГЕРОНТОКРАТИИ «ЖЕТИ АТА» КАК ОСНОВА ГУМАНИСТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ

Түйін

Қазіргі таңдағы әлеуметтік мәселелердің бірі – мастанды балалардың тағдыры болып табылады. Өкінішке орай, жылдан-жылга психологиялық, педагогикалық, этникалық проблемаларды туындаатың өзекті мәселелер арта түсуде. Бұл түрғыда тарихи шолу «Жеті ата» геронтократия институтына жүгінуге және оның сонау адамзат пайда болғаннан беріг құдіретті күшін баса көрсетуге мүмкіндік береді

Abstract

One of the social problems of our time is the fate of abandoned children. Unfortunately, acute subjects grows from year to year, naturally giving rise to psychological, educational, ethnic problems. Historical background in this plan gives you access to the institution of gerontocracy "Zheti ata", to emphasize its strength and power in itself since the existence of mankind. The primary responsibility in the upbringing and education of children on the basis of Zheti ata given to parents and society as a result of which formed a single mind of the nation as a single family, which includes a living not only living today, but all who remained in the memory through many generations.

Ключевые слова: геронтократия, нравственные ценности, проблема этногенеза, патриотическое воспитание, жеті ата, традиции и обычаи, проблема нравственности, единый разум нации.

Одной из социальных проблем современности является судьба брошенных детей. К сожалению, острые тематики растет из года в год, закономерно порождая психологические, педагогические, этнические проблемы. Безусловно, она заявляла о себе со времен существования человечества. Однако на разных исторических этапах возникали своеобразные воспитательные институты как феноменальные явления своей эпохи. Исторический экскурс в этом плане позволяет обратиться к некогда прочно существовавшему институту геронтократии «Жеті ата», подчеркнуть его силу и мощь. В древней кочевой цивилизации это был институт аксакалов, на котором базировалась патриархальная семья. Державшийся на абсолютном авторитете старшего поколения, институт выступал «хранителем и транслятором духовно – нравственных ценностей, имел огромное значение для прочности национального сознания». Однако «двадцатое столетие просто не оставило никакой сферы для применения этого эффективного для традиционной Степи регулирования общественных отношений». Причин здесь много. Достаточно назвать процессы урбанизации и демографии. Позитивная роль верности духам предков, именуемая институтом «Жеті ата», многократно декларируется ве-

ликим тюркским мыслителем Юсуфом Баласагуни в поэме «Кутадгу билиг». Из уст его героев мы слышим такие понятия как «род», «родовитый», «отцовское племя» и многие другие, ясно отображающие педагогические аспекты востребованного родового института в далеком прошлом. С позиций современного видения о нем обстоятельно написано в книге Главы нашего государства Н.Назарбаева «В потоке истории».

В поэме «Кутадгу билиг» среди многочисленных аргументов, по которым главное действующее лицо Элик Кюнтугды приглашает Огдюльмиша, сына визира Айтольды, занять место своего отца высказывается такой: «*Умрет родовитый – останется род. Что в землю посеяно, то и соберешь. Рожденный отцом на отца и похож! И сын Айтольды – не отцовское ль семя, - отца заместить подойдет ему время*». Кюнтугды называет три момента, согласно которым Огдюльмиш может «восполнить потерю». Это принцип родовитости человека; это метафорический образ плода, взращенного семени. Это наследственная программа, закладываемая в человека. В этих мыслях сосредоточена педагогическая закономерность о факторах развития личности: биологическом и социальном [1].

Наиболее значительным инструментом сохранения и передачи традиций для казахов, - пишет Нурсултан Абишевич, - являлся род. Это относится ко всему тюркскому народу, откуда берет свои корни казахский народ. Отец, имеющий прочные родовые традиции, передавал их детям. На этих традициях базировалось все воспитание, выполнение и соблюдение их составляло смысл жизни. «Традиции рода являются наиболее устойчивыми в сознании человека, так как сам уклад жизни не позволял ему жить иначе, как в коллективе, сообществе. Отсюда та поразительная живучесть обычая и обрядов, норм и предписаний рода, сохранившихся по сей день». Таким образом, «знание своего рода, племени, своих предков в семи поколениях являлось для каждого казаха обязательным условием осознания своей родовой идентичности, а через это и передачи традиций своего народа». Какова была роль патриархальной семьи в структуре рода? «Истинная семья из нескольких людей являлась в тоже время единым телом, единым организмом. Разные его части жили и пульсировали в полной физической, психологической, нравственной взаимосвязи. Такая классическая модель семьи являлась естественной основой исторического сложения и более объемных органических сообществ – семей, кланов, родов, племени, совокупности племен, жузов; главное здесь то, что один человек – член семьи не воспринимался как отдельная единица, как неповторимый индивидуум. Он всегда был лишь одной из живых частей единого сообщества любого уровня – семьи, рода, племени, жуза или народа» [2, 3].

В связи с этой уникальной особенностью взаимоотношений людей вспоминаются заметки известного киргизского писателя Чингиза Айтматова: «У нас в аиле, - пишет он, - считалось непременным долгом знать своих предков до седьмого колена. Старики на этот счет строги. Обычно они испытывали мальчишек: «Ну как, батыр, скажи, из какого ты рода, кто отец твоего отца? А его? А какой он был человек, чем занимался, что говорят люди о нем?». И если окажется, что мальчик не знает свою родословную, то нарекания дойдут до ушей его родителей: «Что, мол, это за отец без рода, без племени?» Куда смотрит, как может расти человек, не зная своих предков и т.п. Здесь есть свой смысл преемственности поколений и взаимной моральной ответственности в роду. Быть может, кто-нибудь обратил внимание: в повести «Белый пароход» я попытался сказать об этом устами мальчика – когда он разговаривает с приезжим шофером», - заключает Ч.Айтматов. Уникальным методом, воспитания, расширяющего знание истории своего племени, обогащали старейшины рода совокупный разум нации. В казахском народе, «действуя по принципу «Жеті ата», потомки знали не только перечень своих дедов, но и узнавали об их выдающихся делах, характере и даже физическом облике. В результате формировался единый разум нации как единой семьи, в которую как живые входят не только ныне живущие, но и все, кто сохранился в памяти через много поколений. Такой разум народа в каждом рядовом степняке зримо представлял историю, пропуская ее через свое сердце» [4].

Исторические вехи нашей государственности отмечены многими событиями, за которыми стоят имена легендарных предков. Многие из них вели длительную борьбу за сохранение нации, казахской земли от натиска внешних соседей. Подборка портретов составит не одну галерею картин из предыстории и истории Великих кочевников. И вполне значимо, что

в числе известных имен – батыров Богенбая, Кабанбая, Наурызбая, Тайлака, Санырака, Малайсары, Есета есть и Карасай батыр. В одном из своих интервью, Президент страны отмечает: «...У меня в седьмом колене есть великий предок – Карасай батыр. Он совершил много подвигов в 1640-1680 годах. Это было время жунгарского нашествия. Ему пришлось возглавить войско всех казахов. Карасай батыр прославился тем, что впервые повел против жунгаров окопную войну... Под его началом 600 воинов в узком месте выдержали натиск армии в 10.000 человек... Они их не пропустили, как триста спартанцев царя Леонида, войско персов...» Остается предположить: закономерность это или случайность? Великий предок главы государства отстаивал независимость своего народа, но только на другом отрезке времени. Подразумеваемый диалог поколений, времени и цивилизаций налицо. Генеалогическая цепь родства отвечает проблемам этногенеза, истории педагогики, мыслится мощным механизмом патриотического воспитания [5].

Для Юсуфа Баласагуни важны главные факторы развития личности. Опираясь на эти знания, в основу решений он ставит наследственную программу. Поэтому ведущие понятия – это *род, родовитость, взращенное отцовское семя, отцовское место*. В то же время во внимании социальный компонент: *Кто беком воспитан, вспоен и пригрет, главенствовать призван за беком во след.* Мудро размышляет правитель. Им движет чувство веры в силы предков. В этом случае институт «Жеті ата» выступает как «орган передачи веры через многие поколения...из прошлого в будущее...». Такая вера, заданная целой цепью непосредственных предков, является внутренней сущностью человека и существенно расширяет пространство, где он мог искать и находить выход в возникающих жизненных коллизиях.

Солидное место в «Кутадгу билиг» занимает тема семейного воспитания. Причем она разворачивается в структуре родовой связи и системы «отцы-дети». Воспитание личности – одна из наиболее ценных сторон моральных воззрений Юсуфа. По мнению поэта, появление детей – большая радость для всей семьи, без них человеческая жизнь немыслима. А воспитание и образование детей он рассматривал как первостепенную обязанность и родителей и всего общества. Формирование нравственности индивида обусловлено родителями и окружающей средой, - отмечает поэт-мыслитель, подчеркивая идею всеобщей детерминированности в явлениях природы и общества. По Баласагуни, формирование нравственных качеств продуктивнее осуществляется в детском возрасте. Функция родителей заключается в правильном и гармоничном воспитании детей. Успеха можно добиться при условии, если родители добродетельны, ибо дети обладают врожденными нравственными качествами. Велика воспитательная роль примера подражания для подрастающего поколения, поэтому следует брать в воспитатели людей хорошего и правдивого нрава. Он обращает особое внимание на эти принципы домашнего воспитания. Роль воспитателя состоит в том, чтобы привить ребенку добрые привычки. В этой связи следует сослаться на теорию так называемого имитационного поведения, которое настолько властно, что действует помимо сознания, на глубинные слои подсознания. Недаром поэт-мыслитель отмечал, что семейное воспитание – основа основ в формировании морального облика детей, если родители желают вырастить ребенка добродетельным и разумным, то они должны дома систематически заниматься воспитанием: «Если у детей плохое поведение, ребенок здесь ни при чем, виноват отец». Юсуф Баласагуни призывал молодежь быть послушной, уважать старших – это должно стать повседневной привычкой подрастающего поколения. «Тот, кто служит старшим, несомненно, найдет счастье». Эти назидания особенно ярко выражены там, где мыслитель определяет функции взрослых по отношению к молодежи.

Идея добродетельности впитывалась в ребенка с первых осознанных поступков. Поэтому для казахского общества идеалом воспитания были нравственные ценности. Юсуф предназначал родителям: «*Родятся в семье луноликие чада, их дома, не где-нибудь взращивать надо.*». Признавая ведущую роль социального фактора, поэт убежден, что ребенка должны окружать достойные люди («*кормилицу им подстойнее возьми*»). Так как это отразится на дальнейших поступках и действиях. С малолетнего возраста целесообразно давать образование, приучать к этическим нормам.

Список использованной литературы:

1. Юсуф Баласагунский. Благодатное знание / Пер. Иванова. – М.: Наука, 1983. - (Литературные памятники). – 550 с.
2. "Кланы в государствах Центральной Азии: традиции и современность" Круглый стол // Центральная Азия: политика и экономика. - 2000. - № 2. - С. 6-9 (6).
3. Назарбаев Н. В потоке истории. - Алматы: Атамура, 1999.-296 с.
4. Жомартбаев Т. Плоды детям. - Алма-Ата: Рауан, 1985. - 231 с.
5. Ел қорғаған казақтың хас батыры Карасай. Карасай Алтынай ұлының туғанына 400 жыл толуына арналған Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – ТарМУ. – 1998. - 64 - б.

УДК371.485

Қалиева К.М., п.ғ.к., доцент

Абылай хан атындағы

ҚазХҚжӘТУ,

Алматы қаласы

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫНДАҒЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МАЗМҰНЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Резюме

В статье раскрываются проблемы содержания обучения и воспитания в историческом аспекте. Сегодня изучение данной проблемы имеет особую педагогическую значимость.

В статье освещены идеи выдающихся педагогов и просветителей прошлого – Дж. Локка, Ф.Фенелона, Ш.Роллена и других о целях и содержании воспитания и обучения. Важнейшей заслугой вышеназванных авторов является то, что конечную цель воспитания они видели в формировании индивидуальности. В связи, с чем красной линией в их трудах проходит мысль о соответствии содержания образования данной цели.

Abstract

The article considers the problem of content from a historical point. Today the study of this problem is of particular pedagogical value.

This article presents the idea of the outstanding teachers and educators of the past Dzh. Lock, F. Feneland, Sh. Rollen and the others on the objectives and content of education and training.

The important merit of the above – mentioned authors is one ultimate goal of education they have seen in the formation of personality.

Therefore the red line in their work is the idea of the content of education under this objective.

Өзекті сөздер: оқыту мазмұны, тәрбие, педагогикалық идея, тұлға, тұлғалық қасиеттер, агартуышлық, табиги нышандар.

Педагогика көне дәуірден бүгінге дейін көпғасырлық тарихи жолдан өтті. Тәлім-тәрбиелік идеялар мен концепциялар қоғам дамуының сұраныстарына жауап берे отыра, педагогиканың ғылыми тұрғыдан қалыптасуына ықпал етті. Осы орайда белгілі бір тарихи даму кезеңіндегі озық педагогикалық идеялардың мазмұнымен теренірек танысада көзек күттірмейтін мәселе ретінде алға шығады.

Адам мен тәрбие табиғатын гуманистік, демократиялық көзқарастар негізінде қарастыруға үмтүлған жаңа дәуір ойшылдары шығармашылығын осы қатарда атауға болады. Жеткіншек үрпаққа тәрбие мен білім беру идеясын дамытуда мәселен, ағылшын ағартушысы Джон Локктың алатын орны ерекше. Оның енбектерінде, әсіресе, «Тәрбие туралы ойлар» деп аталатын педагогикалық трактаты мен «Ақыл- парасатты менгеру» атты философиялық шығармасында өз дәуірінің алдыңғы қатардағы үмтүлістары айқын бейнеленді. Локк педагогикаға тікелей қатысы бар сенсуализм мәселесіне ерекше көніл бөледі. Танымның бастаулары – сезімдер, яғни сезім мүшелері арқасында алынатын әсерлер. Бұл - білімнің күмәндануды тудырмайтын ең ауқымды сатысы. Адамның білімі - қоршаған әлемнің жай

ғана бейнеленуі емес, білім қоры тәжірибелі ұғынып қабылдау арқылы жиналады, ал тәжірибе – танымның туындыгери. Мұндай пайымдаулар адамға және оның тәрбиесіне жаңаша қарауға алып келді. Локк тұа бітептін адамгершілік қағидаларын теріске шығарады. Адам адамгершілікті немесе адамгершіліксіз болып тумайды, моральдық нормаларды ол өмір сүру барысында иеленеді. Осылайша адам тұа құнәхар болуы мүмкін емес, бұл жөніндегі ширкеу күштеп таңатын, олардың өздері үшін ұнамды болып табылатын пікірлер негізсіз.

«Ақыл-парасатты менгеру» еңбегінде автор қайырымдылық пен зұлымдық ұғымдарын саралайды. «Қайырымдылық» деп ол қанағаттанушылыққа, сүйінушілікке алып келетін, күйзелу мен тұңілуді азайтатын, адамды мерейлендіретін сапаларды атайды, ал «зұлымдық» деп күйзеліс пен тұңіліске алып келетін, сүйінуді кемітетін, қандай да бір игіліктен айыратын, жан азабына душар ететін жайттарды атайды. Идеялардың тұа пайда болатындығын терістей келе, Локк сонымен бір мезгілде адамға тұмыстан тән қабілеттердің кейбір ықпалын мойындаиды: «*Біз өмірге кез келген затты дерлік игеруге мүмкіндік беретін қабілеттер мен күштерге ие болып келеміз... Алайда бұл күштерді жастықтыру ғана бізді білік мен жетілуге алып келеді*». Педагогтың атап көрсетуінде, тәрбие қарапайым адамды ғана емес, джентельменді қалыптастыруға да қабілетті. Тәрбиенің негізгі мақсаты – ізгілікті тірек тұтушы адамның бақыты, «*ізгілік, тікелей мағынасында алғанда, тәрбиенің ең биік мұраты және қындықпен қол жеткізетін мақсаты*». Ол тек тәрбиешінің ақыл-кеңестері мен әңгіме-сұхбаттарының ықпалымен ғана пайда болмайды, сондай-ақ «*бұкіл еңбек пен бұкіл тәрбие өнері жанды ізгілікпен қаруландыруға бағытталуы қажет және ол жасас адам оны үйлесімділікпен жақсы қөргенге дейін жалғасқаны жән, сонда ол одан өз келешек даңқын көреді және қанагаттанушылық сезіміне бөленеді*». Извілікке тәрбиелу жеке бақытқа қол жеткізуге мүмкіндік береді және бұған басқалардың кедергі келтіруіне жол бермейді. Осылайша Локк тәрбиенің мақсатын жер бетіндегі аса маңызды істермен, ең ізгі мұраттармен байланыстыруды, адамның бақытын оның өмірдегі өрелі мақсаты ретінде анықтады. Дене арқылы сезілетін жағымсыздықтар, қате және жалған пікірлер бұл мақсатқа жетуге кедергі келтіретін бөгеттер болып табылады. Сондықтан педагогтың ең бірінші міндеті тәрбиеленушінің ақылмен ойлап, парасатпен пайымдап, өміріне қажетті тұжырымдар жасай алуға, сондай-ақ мықты денсаулықты болуға ұмтылысын баптау болып табылады.

Ағартушылық идеялардың аса кең қанат жайған орталықтарының бірі Франция болды. Француз педагогикасындағы бұл қозғалыстың негізін салушылар ғылыми білім мен ақыл-ой тәрбиесінің қажеттілігін бірбеткей табандылықпен жақтады. Педагогикалық «Телемак» романы мен «Бойжеткендерді тәрбиелу» трактатында Франсуа Фенелон (1651-1715) тәрбиедегі өктемдікті сынға алды, баланың табиги һәм еркін дамуын қамтамасыз ету қажеттілігін алға тартты. Ол сондай-ақ жаңа дәуір педагогтары арасында алғашқылардың бірі болып әйелдерге білім беру хақында жүйелі ой-пікірлер білдірді. Фенелонның атап көрсетуінде, әйелдерге қандай да бір білім беріп қою жеткілікісіз, бала тәрбиесіне қамқорлық жүктелетіндіктен оларды адамгершілік тұрғысынан болашақ ана ретінде қалыптастыру аса маңызды.

Француз Ағартушылығының келесі жарқын өкілі - Шарль Роллен (1661-1741). Білім беру ісінде жинақталған оң тәжірибелер қорытылған Роллен шығармашылығы жаңа дәуір педагогикасы туралы құнды деректер көзі болып табылады. 1728 жылы жазылған «*Білім беру туралы трактатта*» сол кездегі оқыту мен тәрбие нормалары жинақты жүйеленген. Автор 6-7 жасқа дейін балаларды бірге тәрбиелеп, одан соң қызы балаларға арналған өзіндік сабактар бағдарламасын ұсыну қажет деп есептейді. Оқыту бағдарламасындағы ана тілінің алатын орнына ерекше көңіл бөлу қажеттігін ескертеді. Колледжде француз тілі және әдебиетімен танысады жалғастырып, сонымен қатар антикалық әдебиеттер мен тілдерді, жаратылыстану мен математика бастамаларын оқып-үйренуге кеңес береді. Бастауыш оқыту бағдарламасына табиғатты бақылау, қарапайым заттармен (қағаз, нан, пышақ және т.б.) танысу – “физика” сабакының әліппесі енгізілді. Роллениң пікірінше, колледж түлегі «*әрекет етуге қабілеттілікті*» игеруге тиіс. Сонымен қатар ол ұлы рухты адамдардың өмірбаянынан үлгі-өнегелер келтіріп, моральдық әңгімелер жүргізуге ерекше мән берді.

Орта ғасыр идеяларымен және оның тәрбие мен білім беру институттарымен күресте Шарль Луи Монтескьенің (1689-1755) «*Зандар рухы жайында*» (1748) еңбегінің дүниеге келуі мен жариялануы бастамашылдық рөл атқарды.

Монтескье жас ұрпақты конституциялық мемлекет идеалында қалыптастыру, абсолюттік монархияны қабылдамау, сословиелік мектепті демократиялық, ұлттық білім берумен ауыстыру бағдарламасын ұсынды. Автор 1721 жылы айқын да айшықты мазмұнмен, өткір тілмен атышулы «Парсы хаттарын» жазды. Шығарма Еуропаны аралап жүрген парсы саяхатшысының атынан жазылып, француздар өмірін ұяла отырып сынауга, мұндағы тәртіптердің шексіз әкімшілдік сипатын шенеуге бағытталды. Монтескье өз шығармасында революция курескери емес, ұстамды реформатор болып көрінгісі келгенмен «Парсы хаттары» жаңа тәртіп үшін құресте феодалдық салт-дәстүрлерге қарсы, монархияға және корольдің өзіне қарсы тамаша ойластырылған қару болды.

«Римдіктердің ұлылығы мен құлдырауының себептері жайлы ой-толғауларында» (1734) автор еркін қоғамның артықшылықтарын рим тарихының мысалында дәлелдейді. Республика жүртшылығына ортақ әдет-ғұрыптар үстемдік еткен жағдайда ғана азаматтар еркін және тәуелсіз болады, қоғам табысты алға жылжиды. Азаматтары еркін ойлаудан бас тартып, құлдық шынырауына құлдилаған мемлекет өз ұлылығын жоғалтады және ақырында ішкі және сыртқы жауларымен құресте жеңіліске ұшырайды. «Табиғат пен өнер шығармаларындағы талғам жайлы тәжірибе» шығармасында Монтескье таным теориясы мәселесін көтеріп, эстетика мен психология іірімдеріне бойлайды. Француз Агартушылық қозғалысының өкілдері «табиғи тенденция негізделген ақыл-парасаттың» орныгуы, сондай-ақ саяси еркіндік үшін құресті. Бұл мақсатқа жетуде, жаңа қоғамдық тәртіп орнатуда білімнің таратылуына айрықша көңіл бөлді. Олар кемшіліксіз, қанаусыз, зорлық-зомбылықсыз үздік үлгілі қоғам құруды армандады, басқару әдістерін, шіркеуді, моральды қатаң сынады. Мұндай сынау-мінеулер арнайы насиҳатталмаса да, оларды XVIII ғасырдың аяғындағы француз төңкерісінің идеологтарына айналдырды.

XVIII ғасырдағы педагогикалық ой тарихында өзіндік орны бар осындағы көрнекті тұлғалардың бірі Клод Адриан Гельвеций (1715-1771) болды. Ол Локктың ізімен адамда туа пайда болатын идеялар мен қабілеттерді үзілді-кесілді теріске шығарды. Барша адамның жаратылысынан біркелкілігі жайлы ойды қорғай келе, ол адамның қабілеттері мен дарындары, оның адамгершілік қасиеттері белгілі бір ортаның, алдыңғы кезекте қоғамдық ортаның ықпалымен қалыптасады деген ұстанымда болды. Оның тәрбиенің рөлін асыра бағалауы осыдан келіп шықты. Оның пікірінше, ұнамды әлеуметтік жағдайлар туғызылса, тәрбие тіпті данышпандарды да шындалап шығарады. Ол өзінің «Адам туралы» (1773) трактатында баланы тәрбиеші үшін ойға алынғанды үлгілеп, жасайтын «материалдың» орнына қояды.

Қайта өрлеу мен Агартушылық дәүірі идеяларының рухымен қайраттанған Гельвеций ақыл-парасатты аса дәріптеиді, оның адамдарға бақыт әкелетін шексіз шығармашылық мүмкіндіктерін жоғары бағалайды, адамның өзін тануына, өз күштеріне сенуіне мүмкіндік бермейтін күмәнді, бұлыңғыр идеяларға қарсы шығады. Оның 1758 жылы жарыққа шыққан «Ақыл туралы» кітабына көзқарастар бірдей болған жоқ. Ақыл-ой қабілеттерінің біртектілігі, ортаның тұлғаны қалыптастыруға қатысты ықпалы жайындағы Гельвеций ілімі қабылдана қоймады. Әсіресе оның жеке мұддені әлеуметтік өзгерістердің қозғаушы күші ретінде қарастырған негізгі идеясы аяусыз сынға ұшырады. Адамды оны қоршаған заттар, түрлі жағдайлар, тіпті кездейсоқтықтардың өзі тәрбиелейді деп санаған Гельвеций тәрбиеге атсалысатын ортаның рөлін асыра бағалады. Мұндай түсіндірме адамның қалыптасуындағы көлденең факторларды көтермелеп, керісінше, ұйымдастырылған тәрбиені жете бағаламауға алып келеді. Ойшыл агартушылық пен тәрбие берудің нәтижесінде өзінің жеке бақыты мен ұлт иғілігін үйлестіре алатын адам шығатынына үміт артты.

Агартушылық қозғалыс ауаны, қоғамның озық ойлы өкілдерінің көзқарастары Дени Дидро (1713-1784) шығармаларында жан-жақты көрініс тапты. Ол басқарған «Энциклопедия немесе тұлымдардың, өнерлер мен кәсіптердің Түсіндірме сөздігі» тұтастай бір ұрпақты жаңа идеалдар рухында тәрбиелеуге қызмет етті. Энциклопедистер адамның жаратылыстан бар күшине сенді, адамды қоғам үшін пайдалы бағытта қалыптастыруға ұмтылды. Өзге агартушылар секілді Дидро адам тұлғасының қалыптасуындағы тәрбиенің рөлін, қоғамдық құрылышты жетілдіруді жоғары бағалады. Алайда ол «тәрбие бәрін де жасай алады» (Гельвеций) деген үзілді-кесілді пікірді құптамады. Адамдардың жаратылыстық

айырмашылықтарын мойындай отыра, ол мұндай ерекшеліктер тәрбиелу барысында ескерілу қажет деп санады, себебі тәрбиенің мақсаты – қуллі қабілеттерді қатар дамыту. 1773-1774 жылдары жазылған «Гельвецийдің «Адам туралы» кітабын жүйелілікпен терістеу» атты еңбегінде автор тәрбиенің міндеттері мен мүмкіндіктері жөнінде өз көзқарасын білдіреді.

Заманының дәстүрлі мектептеріндегі тәрбие жүйесіне көнілі толмаған Диdro жалпыға бірдей білім беру идеясын табандылықпен жақтайды. Оның ойынша, «агартушылық адамға бедел әкеледі, құлдың өзі өзінің құлдыққа тусу үшін тумаганын бірден сезіне бастайды». «Данышпандар», «дарындылар мен ізгілер» ақсүйек өкілдерінен гөрі қарапайым халық арасынан шығатынына сенімі мол Диdro олардың дұрыс тәрбие мен білім ала алмауын сословиелік қоғамның кінәсі деп біледі. Осы көзқарас оны барлық әлеуметтік топтар үшін ақысыз, міндетті, ашық мектептің толық жобасын дайындал, ұсынуға алып келді. «Көпшілік мектептер», «Ғылымдарды қөвшілікке үйретудің Ресей үкіметіне арналған университеттік немесе мектептік жоспары» еңбектерінде ол білім берудің құрылымы, оқытудың мазмұны мен әдістері мәселелерін көтерді. «Ресейге арналған университет жоспары» 1775 жылы Ресей патшайымы II Екатеринаның тапсыруымен құрастырылды.

Агартушылықтың демократиялық бағдарламасын бірізділікпен және шешімді түрде жақтағандар арасында Жан-Жак Руссо (1712-1778) есімі ерекше аталуға лайық. Француз агартушысы, педагог еркін тәрбиенің жаңа педагогикалық теориясын жасауға зор ықпал етті. 1762 жылы жарияланған «Эмиль немесе Тәрбие туралы» роман-трактатында Руссо өз заманының балаларды тәрбиелу тәжірибесін өткір сынға алды («Мен колледж деп аталатын күлкілі оқу орындарынан қоғамдық тәрбиені көріп тұрган жоқыны»). Ол сословиелік мектептердегі тәрбие мен оқытудағы таптаурындылықты, шектелушілікті, жасандылықты ашып көрсетті, бала әдетте ата-анаһынан қол үзіп, гувернердің немесе пансионаттың қарауында болатын ақсүйектік ортадағы тәрбиенің кемшіліктерін көрсетті.. Егер үстемдік етуші тәрбие әдептің қыр-сырына үйретілген адамды қалыптастыруға үмтүлса, Руссо үшін тәрбиелі адам – ол қабілеттері мен дарындарын дамытуға қол жеткізуі терең адамгершілікті тұлға. Оның дәлелдеуінде, тәрбие адамға табиғатпен, адамдармен немесе заттармен беріледі, алайда тәрбиенің бірегей нәтижесіне олар бір-біріне қайшы келмесе ғана қол жеткізуге болады. Тәрбиенің бастау көзі ретінде алғанда, табиғат – бұл адамның қабілеттері мен сезім мүшелерінің ішкі дамуы. Ол – балада тұа бітептін табиғи нышандар. Бұл даму тәрбиешінің ықпалына басы бүтін берілмейді, алайда баланы оның табиғатына сәйкес тәрбиелеудің жөні бір басқа. Заттардан, яғни өзін қоршаған әлемнен бала көп нәрсе алады. Бала өмірге «сезімдік қабылдаумен» келеді және айналасынан түрлі әсерлендіруші ықпалдар алады. Өсіп-жетілу барысында ол білімдер жинақтайды, оларды толықтырады және нығайтады. Мұның бәрімен қабілеттер кезектесе де бірлесе дамиды. Бұл жерде де тәрбиеші қызметі шектеулі. Дегенмен де, негізгі тәрбие адамдарға байланысты. Олар – ата-аналар, тәрбиешілер, мұғалімдер. Олардың бәрі қосылып, бала табиғатының мейлінше толық ашылуына қамқор болуға парыздар. Аталған факторлардың әрекеттерін ортақ үйлесімділікке келтіру – тәрбиешінің міндеті.

Руссо қоғам мен тәрбие бұзбаған табиғи жағдайдағы адамды идеал тұтады. Бала өзінің жаратылыстық болмысын сақтау үшін оған табиғи тәрбие берілуі қажет. Ал, табиғи жағдайды сақтаудың шарты – еркіндік, ол тәрбиешінің күштеуімен сыйыспайды. Адамның тамаша үйлесімділік бастауларымен өмірге келетіндігін автор «Адамдар арасындағы теңсіздіктің шығуы мен негіздері жайлы пайымдаулар» (1755), «Юлия немесе Жаңа Элоиза» (1761), «Қоғамдық келісім» (1762) деп аталатын шығармаларында жан-жақты дәлелдейді. Руссоның педагогикалық тұжырымдары терең гуманистік, демократиялық идеялармен, балаға шексіз шынайы сүйіспеншілікпен, оның жан-жақты дамуына әкелік қамқорлықпен көмкерілген. Руссо тұлға қалыптастырудың үйлесімді бағдарламасын ұсынып, оған ақыл-ой, дene, адамгершілік, еңбек тәрбиесін беруді көкейтесті мәселе деп есептеді. Ол көтерген педагогикалық идеялар сол кезең үшін ерекше және батыл болды. Педагог кейір мәселелерде (мәселен, әйелдерге білім беруді шектеу) бұрынғы көзқарастарынан ажырай алмағанмен, оның идеялары тәрбие теориясы мен тәжірибесін жаңартуда маңызды дерек көзі болып табылады. Оқыту әдістерінің белсенділігін арттыру, тәрбиені баланың өмірі мен жеке

тәжірибесіне байланыстырып жүргізу, жүйелі еңбек дайындығының қажеттілігі туралы талаптарды ұсынған гуманист-педагог адам тұлғасын жетілдірудің тиімді жолын нұсқады.

Қолданылған әдебиеттер:

- Современные проблемы истории образования и педагогической науки в 3-х томах. – М. – 1994. - С. 98-100.
- Европейская педагогика от античности до нового времени. Исследовательские материалы в 3-х томах. – М. - 1993. – С. 71-73.
- Коменский Я.А., Локк Д., Руссо Ж.Ж., Песталоцци И.Г. Педагогическое наследие. - М. - 1987. – С. 96.
- История педагогики и образования. От зарождения воспитания в первобытном обществе до конца ХХ в. /под.ред. А.И.Пискунова. 2-е изд. - М. - 2001. – С. 46-48.
- Джуринский А.Н. История педагогики: Учеб. пособие для студ. Педвузов. – М.:Гуманит. изд. центр ВЛАДОС. - 2000. – 432 с.

УДК 37.017.92

Кошербаева Г:Н., к.п.н., доцент,
Жансугурова К. Т. к.п.н., ст.преподаватель,
КазУМО им. Аблай хана
г. Алматы

ТЮРКСКАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ МЫСЛЬ В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Түйін

Бұгінгі кезеңде өткен заманның мұрасы туралы кеңістік-уақыттық диапазондық көріністер кең таралып жатқанда, қазіргі заманның педагогикалық ойларының негіздері ретінде керекті ұлттық классикалық мұра элементтерін қолга алу құбылысы орын алада. Бұл кеңістікте орта гасырдағы түрік мәдениеті ерекше орын алады.

Түрік ғалымдары, ойындары және ақындары көтерген озық гуманистік педагогикалық идеяларды қазіргі кезде әрі қарай зерттеуге негіз болды. Бұл педагогикалық мұра бүгінгі таңда сапалы жаңа деңгейге өтіп, нақты әрекеттермен бекіт, қоғамдық өмірдің тәжірибесіне енгізіліп, мемлекеттің өскелен үрпағын оқыту мен тәрбиелеуде пайдаланылуы қажет.

Abstract

Today, as in the society expanded space-time range representations of the legacy of the past, one of the foundations of modern educational thought is to take on the arms of the best elements of the classical heritage of the people. Occupies a special place in this space Turkic culture of the Middle Ages.

Raised Turkic scholars, thinkers and poets advanced humanistic pedagogical ideas laid the foundation for further study in our times. This pedagogical legacy must move to a qualitatively new level now, backed by real action, implemented the practice of public life, to be used in training and education of the younger generation of contemporary country.

Ключевые слова: тюркская средневековая мысль, национальное самосознание, духовная культура, культурные ценности, народная педагогика, нравственные качества, национальная культура, педагогическая идея.

Рост национального самосознания и стремление возродить наиболее эффективные формы и методы воспитания в новых исторических условиях обусловили повышение интереса к педагогическому прошлому в истории. Демократические перемены, происходящие в нашем обществе, позволили реабилитировать и восстановить то, что ранее было незаслуженно отвергнуто, забыто и до сих пор недооценено. Возрос интерес к неисследованным древнейшим национальным культурным ценностям. По справедливому

замечанию многих педагогов, в последние годы значение национального элемента в воспитании подрастающего поколения недооценивалось. Более того, прослеживалась тенденция игнорирования богатого наследия национальных культур, в частности, народной педагогики. Между тем национальная культура придает специфический колорит среде, в которой функционируют различные образовательные учреждения. Задача педагогов в связи с этим состоит в том, чтобы, с одной стороны, изучать, формировать эту среду, а с другой – максимально использовать ее воспитательные возможности [1].

Сегодня, когда в обществе расширяются пространственно-временные диапазоны представлений о наследии прошлого, одной из основ современной педагогической мысли является взятие на вооружение лучших элементов классического наследия тюркского народа. В этой связи необходимо вновь открывать и исследовать незаслуженно забытые памятники педагогической культуры тюркского этноса, звучащие поразительно актуально в наше время.

Обновление нравственно-духовной культуры казахского народа сегодня непосредственно связано с новым подходом на теорию и историю педагогики в целом и переосмысливанием истории педагогической мысли периода Тюркского ренессанса [2] в частности.

История казахского народа включает в себя не только аспекты формирования и развития социально-экономических отношений, но и отображает духовную сторону его жизнедеятельности. При изучении традиций нравственно-духовной культуры того периода мы имеем возможность исследовать культурно-исторический процесс, понять его логику.

Безусловно, труды философов, поэтов, народных сказителей и акынов оказали огромное влияние на педагогическую составляющую казахского народа. И сегодня, когда идет интенсивное, стихийное смещение от обособленной этнокультуры в сторону растворения в более агрессивной технокультуре, состоящей из многих как положительных, так и отрицательных составляющих, оказывающих большее влияние, чем семья на формирование и становление личности, как никогда остро стоит задача более тщательного изучения и культивирования памятников эпохи тюркского ренессанса и внедрение их нравственно-этических основ в структуру современного воспитания подрастающего поколения.

Модель комплексного медико-психологического мониторинга была разработана в 2002 году, в процессе шести лет прошла апробацию на базе двенадцати ресурсных МДОУ и с 2008-2009 учебного года проходит внедрение в дошкольных образовательных учреждениях города Новокузнецка. Формой достижения комплексного подхода в структуру целостного педагогического процесса стал психолого-медико-педагогический консилиум, в рамках которого осуществляется обсуждение результатов, уточнение и углубление информации, выработка практических рекомендаций всем специалистам ДОУ, администрации и семье по преодолению выявленных проблем и поиску путей оптимизации условий сохранения здоровья и развития детей. По результатам консилиума формируется пакет документов. В предлагаемой модели комплексного МПП мониторинга можно выделить ряд достоинств, что позволяет использовать ее как основу построения мониторинговых исследований в дошкольных образовательных учреждениях: доступность для реализации силами специалистов дошкольного образовательного учреждения, так как в штатном расписании учреждения есть специалисты, способные реализовать разделы мониторинга; функциональность модели мониторинга, так как мониторинговые исследования органично встраиваются в деятельность дошкольного образовательного учреждения, не вступая в противоречие с целями, задачами, функциями каждого субъекта деятельности и структурой целостного педагогического процесса в целом; возможность изучения и оценки влияния средовых факторов, создаваемых в дошкольном образовательном учреждении (управленческих, технологических, педагогических, материально-технических) на формирование здоровья и психосоциальное развитие

дошкольника; формирование в дошкольном образовательном учреждении механизмов, обеспечивающих интеграцию специалистов разного профиля и семьи в решении проблем сохранения, укрепления здоровья и полноценного развития детей. Опыт внедрения описываемой модели комплексного медико-психологического мониторинга состояния здоровья и развития детей в отдельных дошкольных учреждениях г. Новокузнецка показывает необходимость интеграции деятельности различных ведомств: образования и здравоохранения. Важным условием является и тесное сотрудничество служб системы дошкольных образовательных учреждений на уровне управления образованием в городе, регионе, коллективов ДОУ как в управлении, так и в технологии организации здоровьесберегающих процессов в ДОУ.

Список использованной литературы:

1. Белая К.Ю. Дошкольное образовательное учреждение: управление по результатам / К.Ю. Белая, П.И. Третьяков. – М.: Новая школа. - 2003. – 304 с.
2. Диагностическая и методическая работа в дошкольных образовательных учреждениях.- Волгоград: Учитель. - 2007.- 156 с.
3. Ковалев А.Н. Психическое развитие ребенка и жизненная среда. // Вопросы психологии. – 1993. - №1.
4. Комплексная оценка показателей здоровья и адаптации обучающихся и педагогов в образовательных учреждениях. Медико-физиологические и психолого-педагогические основы мониторинга: методическое пособие / Э.М. Казин, И.А. Свиридова, Т.Н. Семенкова и др. - Кемерово: Изд-во КРИПКИПРО. - 2006. – 213 с.
5. Костелова Л.Д., Разенкова Н.Е., Рукас Т.И., Федорова Н.И. Современные подходы к организации поствузовского обучения на этапе модернизации дошкольного образования: учебное пособие / Л.Д. Костелова, Н.Е. Разенкова, Т.И. Рукас, Н.И. Федорова- Новокузнецк: РИО КузГПА. - 2005. -142 с.
6. Крулехт М.В. Экспертные оценки в образовании: учебное пособие / М.В.Крулехт, И.В. Тельнюк. - М.: Издательский центр Академия. - 2002. – 112 с.
7. Мониторинг в современном детском саду: Методическое пособие / Под ред. Н.В.Микляевой.- М.: ТЦ Сфера. - 2008. – 64 с.
8. Мониторинг психического здоровья. // Материалы межрегиональной научно-практической конференции (Новокузнецк, 17-18 октября 2006г.) / Под ред. акад. РАМН В.Я. Семке. - Томск, Новокузнецк. - 2006. - 227с.

УДК 37.033

Айdosов А. А., т.ғ. д, профессор

Кенжебаева Ш.К.,

аға оқытушы, ҚазХҚЖӘТУ,

Алматы қаласы

КАСПИЙ ӨҢІРІ ТАБИҒАТЫН ПАЙДАЛАНУДАҒЫ ТҮРАҚТЫ ДАМУ ӨЛШЕМДЕРІНІң ТҮЛҒА ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТАРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Резюме

В статье рассматривается проблема загрязнение Каспия и влияние его на здоровье человека. Экологическая катастрофа во все времена имела негативные тенденции на формирование личности в современном обществе, и этому доказательство, человек не может приспособиться к окружающей среде, теряется в стремительно растущем глобальном мире и т.д. В статье также раскрываются важные аспекты устойчивого развития и обсуждаются его индикаторы. Определяется значимость устойчивого развития Каспийского региона связанного с ресурсами нефти и газа, которые влияют на развитие и формирование личности.

Abstract

The article touches upon the problems of human health that is influenced by the Caspian area pollution. It is explained by the ecological problems that person won't adapt in the process of per-

sonality formation. The article also underlines the usage of the Caspian nature with the sustainable development possibilities. This can reduce ecological problems, causing no damage in the future, thus supporting the society current need. The article deals with the main development aspects, the sustainable development indicator is fully discussed. The Caspian area development is linked with oil and gas recourse there and with the human improvement lifestyle.

Өзекті сөздер: экология, табиғат, табиғатты сақтау, экологиялық дағдарыс, мемлекеттік санитарлық мекемелер, тұлға денсаулығы, адамзат дамуының индексі.

Қазіргі әлемде экологиялық өзекті мәселелер өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналып, тіпті ядролық соғыс қауіп де оның көлеңкесінде қалып қойды. Адамның шаруашылық іс - әрекетінің қауырт дамуы, айналадағы ортаға үдемелі, көбіне бұлдірушілік сипатта әсер етуде. Адамның табиғатқа әсері мындаған жылдар бойында қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай – ақ, топырақты, су көздерін ауаны ластау арқылы жүзеге асуда. Бұл табиғат ахуалының күрт төмендеуіне әкеліп соқты, көп жағдайларда орны толmas зардалтар қалдырыды. Экологиялық дағдарыс шын мәніндегі қауіпті төндіріп отыр; іс жүзінде тез өндіріс алып бара жатқан дағдарыстық жағдайларды кез келген аймақтардан көруге болады.

Адамды құтқару дегеніміз – ең алдымен табиғатты сақтау. Табиғи процестердің негізінде жатқан зандылықтарды ескермеу табиғат пен адам арасындағы елеулі қайшылықтарға әкеліп соқтырғанын айта кеткен жөн. Американ экологы Риклерс: Табиғатқа келтірілген нұсқанды түзетудің ешқандай көпе – көрнеу жатқан әдістері жоқ екені айдан анық, сонымен қатар қоршаган ортага деген келеңсіз көзқарасы үшін адамға танылатын кінә да, өзендерге шайынды суларды төгу, егістіктерге пестицидтер бүркү, аңшылардың наизасы мен мылтығы автомашиналардан шығатын тұтін қала іргесінің шексіз кеңеюі сияқты белгілі фактілерден құралмауы тиіс.

Адамға табиғат экономикасы - ауыл, елді пунктер, село, қала тұрғындарымен жер жүзінің халықтарының қарым – қатынастарын, сандық және сапалық құрылымын зерттеу және реттеу, көшілікке үздіксіз экология саласынан білім мен тәрбие беру жұмыстарын зерттейді.

Адам әрекеті тек жер бетіндегі суды ғана емес ауаны да ластап келеді. Құн сайын өнеркәсіп орындары ауага орасан зор улы газ және оларға қоса өте майда бөлшектерден тұратын қоспаларды шығарып жатады. Олар ауамен бірге адам мен жер бетіне. Кейде оларды жел алғашқы шыққан орнына мындаған километр жерге айдап апарады. Міне, сондықтан да газ немесе қатты зат түрінде бөлініп шығатын заттардың ауаны қорғау адам денсаулығы үшін де, тіршілік үшін де үлкен мән алады. Осы уақытта ауага улы қосындыларды жібермеу адамзат баласының алдында тұрған үлкен мәселе. Ауаны әр түрлі жолмен былғануы атмосферада бірте – бірте түпкілікті мутагенді өзгерістер тудыратын анықталып отыр. Мысалы, қалалардың үстін, 2000 – 2500 м биіктік көлемінде газдар мен ұсақ бөлшектерден тұратын қарақошқыл тұтін басып тұрады. Осындаі көрініс біздің қалаға тән құбылыс.

Осындаі құбылыстардың қала ішіне құн сәулесінің ультра күлгін сәулесі жетпейді. Сондықтан қала ішінде неше түрлі жұқпалы ауру тарайтын микробтар көбейіп кетеді. Олар неше түрлі көз, тері, өкпе дертерін адамдарға дарытады. Адамдар көп мөлшерде ауруға шалдығады. Атмосфераның тұтін және газ қосындыларымен ластануы адам денсаулығына зиянды құбылыстар туғызады. Бұл құбылыс әсіресе метеорологиялық жағдайдың әсерінен ауа сирек алмасатын қалаларда жиі кздеседі оны смог деп атайды. Ағылшын сөзі – тұман деген мағына береді. Фотохимиялық тұман өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесіне, сондай – ақ адамзат баласына өте үлкен зиян келтіруде. Осы жағдайларға сәйкес шет елдің мемлекеттерінде және біздің республикамызда атмосфералық ауаны қорғау мақсатында автомобильдердің қозғаушы күшін жетілдіру, нейтрализаторлар орнату, газбен электр қуатымен жүретін электромобильдерді шығару мәселесі туып отыр. Ауаның жер бетіндегі қабатын автомобиль және өнеркәсіп газдары мен тұтіннен тұратын қалың тұман басады. Құн сәулесі жиналған газдарды ыдыратып улы қоспалар түзеді.

Ол кезде адамдардың көзі ауырады, өкпесін улы газ толтырады, үздіксіз жөтеліп, тынысы тарылады. Бұл орасан үлкен қүйзеліске ұшыратады, жүздеген, мындаған адамдардың өмірін алып кетеді.

Ядролық жарылыстың зәрлі сәукелелері бірде – бір сауатты және саналы адамды тыныш қалдыру емес. Семей атом полигонінде болған оқиға былай сипатталады. Атом бомбасын жару үшін жергілікті халықты көшіріп, сынақ өткенше бір жеті халықты басқа жерде ұстаған. Ал ауылда үлкенді – кішілі 54 адам қалған, олар атом бомбасы жарылған жаққа қарап қара тұтіннің ішінен қызылды – жасылды оттарды көріп тамашалаған. Сол адамдардан күні бүгін біреуі де қалмай барлығы өліп қалған.

Қазіргі кезеңде адамның экологиялық ортасы - қала. Ол ең ірі және табиғи ортадан өзгеше, көптеген параметрлері бойынша экстремалды деуге болатын орта. Қалада техногенді қуаттың орасан зор концентрациясы жиналады. Қала ортасы адамның басты санасы – оның денсаулығына қолайсыз әсер етеді. Атмосфераның, судың, азық – түлік өнімдерінің, күнделікті қажетті заттардың өнеркәсіп пен транспорттық қалдықтарымен ластануы, электромагниттік өріс, вибрация, шу, тұрмыстық химияландырылуы, гиподинамия, дұрыс тамақтанбау зиянды әрекеттердің кеңінен таралуы.

Міне, осылардың барлығы қосылыш адамның денсаулығын нашарлатады.

Қала халқының басым бөлігі демалысын қаладан тыс табиға жағдайда өткізуге тырысады.

Тұлғаның денсаулағының төмендеп ауыруға шалдығын ағзаның ортаға толық бейімделе алмауы мен қолайсыз әсерлерге берген теріс жауабы ретінде қарастыру керек. Тұлғаның денсаулығына зиянды әсер ететін факторлардың ішінде ір түрлі ластаушы заттар бірінші орын алады. Көптеген қалалар экологиялық апат аймағы деген мәртебеге ие болған. Соның ішінде Өскемен қаласын алуға болады. Әр түрлі аурулар қаптап, балалар жарымжан болып тууда. Осының бәрі осы экологияның бұзылу себебі. Бүгінгі таңда Өскемен қаласы күннен-күнге құлпырып, өркенде келеді. Дегенмен, бұл қуаныштың көлеңкесінде қайғылы дерпт тұрғанын білеміз бе? Себебі, Өскемен атмосферасы сан жылдар бойы көк тұтіннен көз ашпай келеді. Мұның бәрі адам денсаулығына зиян. Қорғасынның өзін алатын болсақ, алдымен жүйке жүйесін зақымдайды, содан кейін іш құрылышындағы мүшелердің жұмысын бұзады. Тұлға психикасына да кесірі бар. Радикация да солай.

Өкпе, жүрек сырқаттарына шалдығып, қан қысымы жоғарылаған адамдар саны күннен-күнге өсуде. Улы газға булығып өмір сүріп келе жатқан Өскемен тұрғындарының тағдыры өзі бір үлкен жағдай. Сондықтан, адам экологиясы мемлекет көлемінде талқыланатын үлкен мәселе деп ойлаймын.

Ауаны таза ұстаудың шаралары:

Адамға табиғат берген байлықтың бірі – атмосфера дағы ауа. Өзге табиғи байлықтармен бірге ауаның тазалығын сақтау өте маңызды іс.

Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі қарышты дамып келе жатқан Қазақстанда ауа тазалығы үшін күрес маңызды роль атқармак. Осыған орай, республикада тындырылған іс аз емес. Соңғы жылдары атмосфера дағы ауаны қорғау мақсатында ірі-ірі өнеркәсіп орындарында газ бен шаң тұтатын үш жүзге жуық үлкен қондырығылар мен приборлар іске қосылды. Жамбылда, Ақтөбеде, Өскемен мен Теміртауда, басқа да өнеркәсіп қалаларында ауа тазалығын бақылайтын лабораториялар көптеп құрыла бастады.

Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинатында 35,1 млн сомға, Шымкенттің қорғасын заводында 28 млн сомға ауаны таза ұсташа мақсатында ірі құрылыштар жүріп жатыр. Қазірдің өзінде осы заводтарда жоғары температураға шыдамды фильтр-сұзгіш «Нитрон» іске қосылыш ауаның құрамын тазалауда үлкен үлес косуда. Шығыс машина жасау заводында мазут пешін электр құшімен қыздыру арқылы, ауаға шыратын лас зиянды газдардың көлемін 1,5-2 есе азайтуға мүмкіншілк туды. Сол сияқты Ертіс мұс балқыту заводында өндірістей шығатын зиянды газдарды ұстап қалатын құрылыштар салынды.

Республикамыздың ірі қалаларында жылуды бір ірі орталықтан жіберу арқылы көптеген ұсақ пештерден құтылды. Мысалы, Алматыда 600 кішкентай пеш жойылса, оның 155-і 1970-1973 ж. ж. келеді. Қарағандыда 107 пеш, 84 жанатын террикондар жойылды. Павлодарда -50, Шымкентте - 7 пеш газбен жағылуға көшті. Бір сөзben айтқанда, Алматы

каласын қоспағанда республикамызда 1970-1973 жылдары 276 пеш сөндірілді, 12 ТЭЦ пен 65 пеш газға көшті.

Қазіргі жағдайда ауда улы заттардың мөлшерін азайту мақсатында, автомобилдерден бөлініп шығатын газдарды азайту барысында көптеген тиянақты жұмыстар жасалынды. 1973-1975 жылдары облыс орталықтарында «Қазақавтотехникалық қызмет көрсету» ауаға шығатын зиянды газдарды ұстап қалатын 157 бақылау-реттегіштердің қондырмаларын жасау жобаланды.

Қазір Алматыда 40 пункт жұмыс істейді, алдағы уақытта тағы да 50 болуы керек. Жүргізлген жұмыстың нәтижесінде адамдардың денсаулығына зиянын тигізетін газдардың мөлшері азайды.

Мысалы, Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинатында ауаға шығатын зиянды шаңдар 54,2% корғасын - 68,6% күкірт ангидриді - 17,2% азайды. Балқаш кен-металлургия комбинатында - 41%. Теміртау синтетикалық каучук заводында сыртқа шығатын сынаптың мөлшері 2,5 есе, Шымкенттің цемент заводында ауаға шығатын цемент мөлшері - 10 есе, Өскеменнің титан-магний комбинатында ауаға шығатын хлордың мөлшері 1,8 есе қысқартылды.

Республикада 25 қалада мемлекеттік санитарлық мекемелер лабораториясында ауаның құрамын зерттеп, ол зерттеулердің нәтижесін жүйелі күйге келтіріп, практикаға беруде.

Зерттеулердің нәтижесінде өндірістің орналасуына қарай негізгі ауаға шығатын лас қалдықтар қорғасын, күкірт ангидриді көмірқышқыл газы, азоттың қосоксиді, мышьяқ, күйе, хлор, шаң екені анықталып отыр.

Қарағанды қаласында көмірқышқыл газының мөлшері санитарлық нормадан 8-9 есе асып кеткен, ал азоттың қосоксиді, шаң күкірт ангидриді барлық ендіріс орындарында 1973 жылы белгілі-бір нормаға дейін төмендеген.

Ауа тазалығы, адамдардың денсаулығы үшін құрес әрбір кәсіпорын мен цехта да тиімді жүргізіліп келеді. Мысалы, Алматы үй құрылышы комбинаты бойынша ауаға күн сайын шығарылатын зиянды заттардың мөлшері 75% қысқартылды. Шымкент қорғасын заводында шаң тұтқыштар мен технологиялық газды өндіре және тазарту қондырғыларын салуға қыруар қаржы жұмсалып, адамдардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туғызылған. Үстіміздегі жылдың жеті ай ішінде барлығы 144 кәсіпорынның жұмысына «жақсы» деген баға берілді.

Республикада сағатына 19 миллион текше метр шаңды сорып алатын жаңа қондырғылар іске қосылды. Ауаны ластауға себепші болып отырған Алматы қаласындағы 72 ұсақ пештер жабылып, олардың орнына электр энергиясымен және газбен жылтыратын жүйелер орнатылды. Ал, Жамбыл Шымкент қалаларында үйлерді табиғи газбен жылтыу көптен бері жүзеге асырылып келеді.

Белгілі бір аймақтың тұрақты дамуы, сол өнірдегі қоршаған ортаға келетін экологиялық жүктемені азайтып, болашаққа шығын келтірместен, қазіргі қоғамның қажеттілік деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

Тұрақты дамудың маңызды аспектілері экономикалық, экологиялық және әлеуметтік болып сараланады[1]. Тұрақты дамудың индикаторы ретінде жұмыссыздық, халықтың көшіп – қонуы, демография, өндіріс, жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім, (ЖІӨ), ауылшаруашылығының даму көрсеткіштері, экология және халық денсаулығы, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, биоэртурлілікті сақтау және т.с.с.

Қазақстан үшін Каспий өнірінің тұрақты дамуы ерекше маңызды, себебі, мұнда мұнай мен газдың коры барланып, көмірсүтек ресурстарын игерудегі айтарлықтай инвестицияның тартылуы, Каспий маңы мен Қазақстанның барлық тұрғындарының өмір сұру сапасын арттыруды талап етеді.

БҰҰ-ның 1992 ж. 179 мемлекеттің қатысуымен өткізілген конференциядан соң, қоршаған орта мен даму бойынша 1994 ж. ЮНЕСКО шенберіндегі кіші аралдардың тұрақты дамуы бойынша ғаламдық конференция өтті, 1996 ж. қоршаған орта және жағалаулық аймақтар мен кіші аралдардың тұрақты дамуы бойынша бағдарлама жасалды. Тұрақты дамудың түрлі анықтамалары бар. Тұрақты даму – бұл, қазіргі уақыттың қажеттілігін қанағаттандырып, болашақ үрпақ қажеттілігіне қол сұқпау. Сонымен қатар, тұрақты дамудың қысқа түсініктері де кездеседі:

- болашақ үрпаққа қосымша шығынды қажет етпейтін даму;

- ұрпақтар арасындағы сыртқы әсерлерді минимумдау арқылы даму;
- болашақтағы қарапайым және кеңейтілген өндірістік потенциалмен үнемі қамтамасыз ететін даму.

Тұрақты дамуды бағалауда төмендегідей критерийлер қолданылады: тұрғын халықтарды жұмыспен қамтамасыз етілу деңгейі; адамзат дамуының индексі; ақша – қаржы критерийі. Тұрақты даму тұжырымдамасының ажырамас бөлігі ретінде БҮҮ – ның тұрақты даму бойынша жасалған индикаторлар жүйесін қарастырамыз. Бұл индикаторларға жұмыссыздық деңгейі, миграция мен туудың коэффициенті, жан басына шаққандағы ішкі өнім, дайын өнім өндірудегі табиғи ресурстарды пайдалану мөлшері, қаржылық қордың көлемі, қаржылық жүйе арқылы қаржы қорларын бөлу мөлшері және т.б жатады. Атырау өнірінің табиғат пайдалануы мен халық денсаулығының жағдайын, экономикасы мен экологиясының тұрақты даму түсінігін қарастырамыз. Атырау облысының экономикасы отын – энергетикалық, өндірістік, ауылшаруашылығы және балық өндірісі, құрылыш материалдарын өндіруге бағытталған. Өндіріс саласының басымы шикі мұнай мен ілеспе газ өндірісі, мұнай айдау, электр энергиясын өндіру мен тарату. Облыс территориясында мұнай – газ және газ конденсат шикізатының кен орындары белгіленген. Iрісі – Текіз кен орны [2]. Мұнда 2,5 – 3 млрд тонна мұнай қоры мен 1800 млрд куб метрден жоғары ілеспе газ қоры барланған. Мұнай өндіру көлемін ұлғайтудың негізгі келешегі Каспий теңізінің қазақстандық секторын – Құрманғазы кен орны, Нұрсұлтан, Ұлытау, Ракушечное геологиялық құрылымын және Құрманғазыдан шығысқа қарай – Дархан кен орындарын игерумен байланысты. 2015 жылға қарай теңіз кен орындарынан жыл сайын 100 млн тоннаға дейін мұнай өндіру қарастырылды. Құрманғазы кен орнында терендігі 2000 және 1300 метрлік 2 барлау скважындарын бұрғылау көзделген, бұл қоршаған табиғи орта жағдайының бұзылуына әкеп соғады. Бұл өнірдегі тұрақты даму тұжырымдамасын өңдеу жергілікті техникалық және танкерлік флоттың инфрақұрылымын дамуын, жаңа жұмыс орындарының болуын, маман даярлау, заттарды тасымалдауда, тауарлар мен қызмет көрсетуге жергілікті тұрғындарды жұмысқа тарту, отандық ғылыми потенциалды пайдалану, салық жинауды ұлғайту, қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешу, жер өңдеу жағдайын жақсарту, балық қорларын өндіруді көбейту, Каспийге Еділ және Жайық өзендері суының толық құйылуын қамтамасыз ету сияқты мақсаттарды іске асырады. Каспий өнірі Қазақстандағы шетел инвестициясын тартуда алдыңғы орында. Бұл аймақта тартылған шетел капиталының жалпы көлемінің үштен бірі орналасқан. Аумақ дүние жүзіндегі 45 елмен қызметтес жұмыс істейді және 243 мекеме шетелдіктердің қатысуымен құрылған және онтайлы жұмыс істеуде. Инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарының бірі отандық және шетел капиталдарын өндірісте қайта өңдеу және өңдеу мен құрылыш нысандарына, коммуналдық шаруашылықта тарту болып табылады. Инвестиция нысандарының ішінде полиэтиленді құбырлар зауыты, АМӘЗ – ның құрылышы, ірі жүкті әуе кемелерін қабылдауды іске асыратын Атырау аэропортын дамыту, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының құрылышы және т.б бар. Атырау қаласының топрақтық суларының деңгейін төмендету үшін жасалған дренаждық жүйе құрылышы, тұрғын халықтардан келетін тұрмыстық қалдықтарды жою жоспары іске асырылуда. Облыстық 37 елді мекенде қалдықтарды қайта өндейтін және су тазалау құрылғыларының құрылышын іске асыру жоспарланып отыр. Каспий өнірінің экологиялық ахуалы – табиғи және антропогендік факторлардың әсерімен түсіндіріледі, олардың ішіндегі маңыздылары Каспий теңізінің деңгейінің көтерілуі және мұнай – газ кешенінің қарқынды дамуы және т.б. Бұл өнірде топырақтың техногендік бұлінуі басым. Бұл автокөлік қозғалысының ұқыпсыздығы, мұнай – газ кен орындарын барлау мен игеру, байланыс сыйығы мен электр энергиясын беру құрылышы, түрлі құрылстық – монтаждық жұмыстар, өндірістік және тұрмыстық қалдықтар мен карьерлерге жер участекелерінің бөлінуі және т.б байланысты. Топырақтың ауыр металдармен ластануы табиғат ресурстарын тиімсіз пайдалану салдарынан болып отыр. Биосфераның ластануының негізгі көздері – мұнай және газ скважындарын салу; мұнайды тасымалдау, жинау; мұнайды өңдеуге дайындау; мұнай өнімдерін өңдеу мен сақтау және т.б. Каспий теңізінің биоалуантурлілігін сақтау осы өнірдегі тұрақты дамудың бірден – бір басты міндеті, ол үшін теңіз жағалауы елдері келтірген залалдарын нақты есепке ала отырып, өз жауапкершіліктерін сезініп, осы

аймақтағы экологиялық қауіпті оқыс геодинамикалық белсенділік жағдайын алдын алу мақсатындағы іс шараларды қабылдау қажет.

Жағалаулық елдердің табиғат пайдаланушылары үшін бір – біріне қайшы келмейтін тұрақтандырудың экономикалық құқықтық механизмін жасау қажеттілігі туындалап отыр [3].

Теңіз жағалауы аймақтарының тұрақты дамуы үшін:

- ұлттық қорларды пайдалануда және экологиялық жағдайларды жақсартуда аймақтың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, іске асыру бағдарламасын өндеу және қолдану;

- ірі өндіріс орындарының жоспарын іске асыруда алдын ала сараптама жасау және жүйелі бақылау;

- қызығушылық таныткан адамға, топтарға және ұйымдарға экологиялық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету;

Жергілікті билеуші және басқару органдары іске асыруы қажет;

- облыс қөлеміндегі жер және су пайдалану саясатын өндеу және іске асыру;

- теңіз жағалаулық аймақтардың тұрақты дамуы мен табиғатын тиімді пайдаланудың кешенді жоспарын құру;

- жағалаулық аудандардың эрозияға қауіпті зоналарын анықтап, кестесін құру;

- климаттың өзгеруі және теңіз деңгейінің көтерілуі, мұнай төгілуі мен басқа да заттардың әсерінен қоршаған ортаның ластануы мен жағдайының нашарлауы сияқты антропогендік жағдайлар мен табиғи апаттарды ескере отырып, қарсы тұру шараларының жоспарын құру;

- теңіз жағалауық аудан тұрғындарын баспанамен, тұщы сумен қамтамасыз ету, коммуналдық ақаба суларды тазалау мен ағызу, өндірістік шығарындылар мен қатты қалдықтарды жою бағдарламасын жүзеге асыру;

- қоршаған орта сапасын бағалау үшін критерийлерді өндеу мен қолдану;

- жағалаулық аудандарға қарасты ауылшаруашлығын, туризмді, балық аулауды, порттар мен өндіріс салаларын тұрақты дамыту;

- қоғамды сауаттандыру мен ақпараттандыруды дамыту.

Еліміздің экономикасын тұрақтандыруда, оның ішінде Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту, Каспий теңізінің қазақстандық секторының көмірсүтек қорларын тиімді әрі қауіпсіз игеру туралы ҚР Президенті Н. Назарбаев бекіткен Каспий теңізінің қазақстандық секторының Мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілген.

Бұл бағдарламаның басты міндеттері: көмірсүтек қорларын сақтау, тиімді пайдалану, мұнай – химия өндірісін дамыту, мұнай – газ кешендерінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, теңізді ұстау үшін құрылыш материалдары мен қондырғылар өндірісін дамыту, машина жасау мекемелері мен көлік жүйесін жақсарту, теңіздік порттардың ғылыми – техникалық базасын құру және теңіз флотын дамыту, тұлғаның денсаулығын және қоршаған ортаны қорғау, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Грановский Э.И. Проблемы устойчивого развития города Атырау и Атырауского региона //Аналитический обзор. – Алматы. - 2003. – 27с.
2. Палымбетов Б.Экономический потенциал Атырауской области. – Алматы. - 2001. - С. 5-9.
3. Новиков Р.А. Проблематика комплексного управления устойчивым развитием городов в прибрежных зонах. - М. - 1997. – С. 18-23
4. Грищенко О.М., Дидичин Н.А. Атырау облысының табиғатын қорғау. - Атырау қ. – 1997. – 12-б.
5. Мұнай-газ кешенінің дамуына байланысты Каспий теңізі ауданындағы геодинамикалық және экологиялық жағдайды болжау және бақылау. - Мәскеу қ. - 2000. – 10-15 – 6.
6. Диаров М.Д. Экология және мұнай-газ кешені. - Алматы қ. - 2003. – 30-б.

ӘОЖ 159.922.8

Санғылбаев О.С., псих.ф.д., профессор,

Жұнісова Ұ.Ж. магистр, оқытушы

Абай атындағы ҚазҰПУ,

Санғылбаева А.О. магистр, оқытушы ҚазХҚжӘТУ,

Алматы қаласы

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Резюме

В работе проанализированы история исследования здоровьесберегающей проблемы и состояния здоровьесбережения в образовательных учреждениях и факторы влияющие на них, кроме того показаны пути сохранения и развития здоровья учащихся. Кроме того в работе уделено внимание таким основным понятиям как здоровье детей, которые является показателем экономических, социальных и сознательных достижений страны. Поэтому в работе здоровьесберегающая деятельность в общеобразовательных школах занимает достойное место и в научном и методическом плане.

Abstract

The work is devoted to the history of research of problem of healthcare and condition of healthcare in educational institutions, factors that influence on it, also ways of conservation and development of student's health. Also there were researched such definitions as health of a children, which is the factor of economic, social and conscious achievements of a country. For this reason health guard activity rank in scientific and methodic field in educational schools. History of problem of healthcare and condition of healthcare in educational institutions, factors that influence on it, also ways of conservation and development of student's health. Also there were researched such definitions as health of a children, which is the factor of economic, social and conscious achievements.

Өзекті сөздер: модификациялық тағамдар, салауатты өмір сүру, денсаулық, дененің жетілуі, қоршаған орты, микроорта, этика, экологиялық құрылым.

Балалардың денсаулығы – қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саналы жетістіктерін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің қатарына жатады. Денсаулық сақтау саласын дамыту мемлекетіміздің негізгі басымдықтарының бірі. Әрбір адамның денсаулығы оның толыққанды тіршілік етуін ғана емес, сонымен қатар оның биологиялық және әлеуметтік мүмкіндіктерінің анықтайтын факторға айналып отыр.

Әсіреле мектеп жасынан бастап денсаулықты дұрыс құту мен сақтау туралы мінездүйлік пен ойлар қалыптасады. Соңғы уақытта Қазақстандағы мектеп оқушыларының денсаулық деңгейлері қоғамды, әсіреле дәрігерлер мен мұғалімдерді аландатуда. Ақпарат құралдарының материалдары және статистикалық деректердің көрсетуінше XX ғасырдың аяғымен салыстырғанда XXI ғасырдың басында мектеп оқушыларының денсаулықтары күрт төмендеген. Балалардың денсаулық деңгейлерінің көрінісі көпшілік жағдайда мектептердің жауапкершілігінде деп көрсетіледі. Осыған байланысты балалар денсаулығын алдын-алу мұғалімдер, дәрігерлер мен мектеп медицинасының алдына жаңа міндеттер жүктемек. Көптеген ғылыми зерттеулерге сүйенсек мектеп қабырғасында тек дені сау функциональды мүмкіндіктері жеткілікті балалар білім алу керек.

Демек, мектепте оқушылардың денсаулығы ерекше өзекті мәселе. Оқушылар мен жасөспірімдер арасында физикалық және психикалық ауытқу-шылықтар байқалуда. Статистикалық деректер бойынша жалпы мектепті бітірушілердің 68% дені сау, әрбір екінші жеткіншек морбофункционалдық патология, 42%-созылмалы сырқат деп танылуда [1].

Көпшілігі Қарулы күштер қатарына қабылдануға жарамсыз болуда және жас балалардың маскунемділік деңгейлері де жиі байқалып келеді. Жеткіншектер арасында өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) орын алуда.

Осымен қатар оқушылар ата-аналарының денсаулығы мен олардың конституциясына әсер етуші (әсіреле аналарға жүкті болғанға дейін әсер ететін) факторлар, генетикалық

(тұқым қуалағыштыққа әсер етуші) факторлар, ауаның, судың, топырақтың санитарлық-гигиеналық сипаты; тамақтану жағдайы, модификациялық тағамдарды қолдану, таңғы ас ішпей мектепке бару, уақытылы тамақтанбау т.б., жанұя тұрмыстық факторлары: жанұяның құрамы, тұратын мекен жайдың сипаттамасы, орташа кіріс мөлшері, жанұя тұрмысы және сәбидің күтімі, жанұяның психологиялық климаты, зиянды әдеттердің (шылым шегу, арақ құмарлық т.с.с. болуы), мектептегі психологиялық орта, оқушылардың бір-бірімен және мұғалімдермен қарым-қатынасы бала денсаулығына өз әсерін тигізеді [2].

Мектеп оқушыларының денсаулықтарына теріс әсер ететін факторларының қатарына жалпы білім беретін мектептердегі талаптардың көбеюі, әртүрлі жаңашыл педагогикалық технологиялардың оқу процесіне қарқынды түрде енуі, оқу сабактарымен артықша жүктелулерін, педагог пен оқушылардың арасындағы авторитарлық қарым-қатынастықты, оқыту мен тәрбиелеудегі баланың тұлғалық және жас ерекшеліктерін қажетті деңгейде есепке алынбаушылықтарын, гиподинамия және оқу жүктемесінің организмнің функциональды мүмкіндіктеріне сәйкес еместігін т.б. атап көрсетуге болады. Педагогикалық процес балалар денсаулығын сақтау мен одан әрі нығайтуға бағытталуы керек. Мектеп психологы мектепте жемісті психологиялық қызмет атқаруы керек. Мектеп ұжымының міндеті оқушыларды білім нәрімен сусындағы, баланы өз бетімен толыққанды өмір сүрге үйрету, жетістікке жетуге, қызмет етіп, өздерінің болашақ үрпақтарын жалғастыруға үйрету. Ал бұларға денсаулықсыз қол жеткізу мүмкін емес.

Болашақ үрпақтың іргетасы мектепте қаланатындықтан уақыттарының көп бөлігі білім беру мекемелерінде өтетіндіктен мұнда оқушылар денсаулықтарын сақтап, күте білуді үйренулері қажет. Өз денсаулығын күте алмайтын, оны сақтау жолдарын білмейтін оқушының дені сау болады деп айтту. Мектеп оқушылар денсаулығын қадағалаумен қатар оны дамытып отыруы керек.

Ежелден-ақ денсаулықты сақтауға ерекше көңіл бөлініп келген. Шығыс ойшылдары Аль-Фараби, Ибн-Сина, Ж.Баласағұн, А.Ясауи өз трактаттарында денсаулық пен өмір салтының байланыстылығына тоқталса, педагог-ағартушылар А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулати, Асан Қайғының шығармаларында жас жеткіншектерге денсаулық сақтау туралы білім беру керек екендігіне көңіл бөлінген.

Тұлғаны теориялық дамыту бойынша зерттеулер (А.Маслоу, У.Джеймс, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев) мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру дағыларын тәрбиелеудің қажеттілігі айқындала түсті.

«Денсаулық» түсінігін анықтауда адамның өзінің, оның жаратылу табиғатының көрінісі басты роль атқарады. Адамның тек сыртқы түрі ғана емес, сонымен бірге ішкі жан – дүниесі де, яғни мінез-құлышы, танымдық процестері қабылдауы, ойлауы, сол немесе басқа әсерлерге бейімі біркелкі бола бермейді. Эр адам объективті шындықты өзінше субъективті түрде бейнелендіреді. Бірақ, ең бастысы бір адам сол немесе басқа әсерлердің өмірдің әртүрлі кезеңінде әртүрлі қабылдайды. Сонымен, адамның денсаулығы – бұл жалпы адамзаттық және жеке болмыстың күрделі феномені болып саналады. Бүгінгі күні ол кешенді немесе психологиялық, әлеуметтік және жеке тәртіптің көптеген күрделі факторларының, кейде философиялық қасиеттердің өзара әсеріне қатысты болады.

Гиппократтың трактаттарында бірқатар денсаулық сақтау іс-шаралары ретінде философиялық ой-санасы құрылымының жалғасы түрінде мазмұндалады. Трактат денсаулық және салауатты өмір салты жайындағы ілімнің дамуына негіз болды. Көне грекиялық философтардың еңбектерінен балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі теңдесіз ой өрістерін дәлірек кездестіруге болады.

Көне Грекиядағы алғашқы философтардың бірі Сократ, табиғи жаратылысты ерекшеліктерге аса назар аудара отырып, адамның өзін-өзі тану мүмкіншіліктері арқылы салауатты өмір салтының терең жағын көре білді, яғни «өз-өзін тани білетін тұлға, өзіне тиімділікті таниды, шамасы келмейтін істі түсінеді», деп ол адамның сана-сезімі арқылы өзін-өзі танып білуін, іс-әрекеттенуін мазмұнды түрде көрсетті. Платон салауатты өмір салтын тәрбиелеу ерте кезеңнен бастау қажеттігін атап көрсетті, себебі «кез-келген істегі ең бастысы – оның ерекшелене бастауы».

Аристотель «Этика, саясат, поэтика» деп аталаатын еңбегінде адамның жекелей көрегендігі мен салауатты өмір салтын қоғамдық мазмұндағы мәселе ретінде ашып көрсетеді. Оның айтуынша, тәрбиені «денеге қамқорлықтан» бастап, сонаң соң, «рухани тәрбиеге» үштастыру қажет, себебі дene тәрбиесі, рухани тәрбиемен қатарласа орындалуы тиіс. Яғни, Аристотель салауатты өмір салтының тәрбиесін адамның белсенді өмір салтымен, шынығумен, жаттығулармен байланыстырады. Демек, ерте кезде де салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі дene жаттығу мәселесі қарастырылған. Осы кезеңде «өз-өзінді тани біл», «өзіңе қамқорлық жаса» деп аталаатын алғашқы тұжырымдамалар шыға бастады.

Шығыс елдерінде де Ибн Сина денсаулықты сақтау және нығайтуға бағытталған гигиеналық талаптардың кодексін құрады. Тамақтану, ұйықтау, оқу мерзімдерін сақтау қажеттілігін Ибн-Сина атап көрсетті. Салауатты психологиялық ортанды болуына аса назар аударды. «Дәрігерлік ғылымның баспалдағы» еңбегінде, Ибн-Сина тәрбиешілердің баланды өз эмоциялары мен үрейлерін басқару қажеттілігін мазмұндайды. Яғни, ойшының пікірінше, жас буынның санасы мен денсаулығы тәрбиеге байланысты. Шынайы мемлекет концепциясында Ибн-Сина қоғамдық еңбек пен ұзақ өмір сұру қоғамдық құрылымның басты критериясы екендігін атап көрсетті. Шынайы таза ортада ереже мен тәрбиенің жетелеуі арқасында адамзаттың саналы ғұмырын өзгерте отырып ұзақ өмір сүретіндеріне сенеді. Ұзақ өмір сұру, Ибн-Синаның адамдар қоғамындағы рухани және табиғи гармонияның іске асу болжамдарының бірі. Ибн-Синаның ұғымы бойынша, ерте жастан бастап салауатты өмір салтының мына төмендегідей принциптерін сақтау қажет:

- 1) жанның ара салмағы (гармониялық дene pіshimde сақтау);
- 2) тамақты таңдау (тамақтану мерзімі);
- 3) денені тазалау (зиянды заттардан тазалау);
- 4) дene pіshimіn сақтау;
- 5) дұрыс дем алу;
- 6) киім тазалығы;
- 7) дene және рухани қозғалыстың теңдесуі.

Сонымен, Ибн-Сина гигиеналық ғылымның негізін салушы болып табылады. Еңбектері бүгінгі күндері өзекті және жас буынды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде аса құнды. Шығыстың ойшыл-ғалымы Аль-Фараби дene және ойды тәрбиелеу тәсілдерінің ұқсастықтарына аса назар аударды. Өзінің әлеуметтік-экономикалық трактатында, «адам өз денесінің жетілуіне қол жеткізуі қажет», – деп атап көрсетті, себебі адамның денесі-сақтауға қажетті нәрсе, егер ол болмаса, оған қол жеткізу қажет. Мерзімді тамақтанумен денсаулық, тұрақты еңбек пен күш, сенімді іс-әрекетпен ой-санана пайда болады. Сонымен қатар Аль-Фараби ауруды емдеуді ғана емес, адам денсаулығын алдын ала сақтау мен нығайтуды аса атап көрсетті.

Орта ғасырда өмір сүрген Өтей Бойдақ Тілеуқабылұлы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Асан Қайғының қазақша жазба мұраларынан жас буынды салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі терең ойлы мұрағаттарды кездестіруге болады.

Ө. Тілеуқабылұлы дene мен рухани дүние тұрғысында жас буынның сұлулықты түсіне білүлеріне ерекше көніл бөлді. Сонымен ойшылдар «сұлулығымен» қатар «рухани сұлулықты» дамытуды ұсынды.

Ө. Тілеуқабылұлы адамның сыртқы pіshimine, көрінісіне аса назар аударған, егер адамның сырт киімі таза, тартымды, сұлу келбетті болса онда ол оның көніл-күйін жақсартып, жүрек жылуын оятады. Ойшыл-данышпан арак-шараптан, нашақорлықтан алшақ болуга шакырады. Ойшылдың ой-саналауы бойынша бала дені сау болуы үшін жас кезінен бастап оны шынықтыру қажет, дene еңбегімен шұғылдандырып тәрбиелеу қажет.

XVғ. белгілі оқымыстысы М.Х. Дулатидің өсietінде тәрбиелеудегі зиянды әдеттерге қатынасты негіздемелер қаланған (шарап ішүү, нашақорлық заттармен шұғылдану, темекі тартуға үйір болу сияқты). Зиянды әдеттерді мәдениеттілік пен еңбекке тарту арқылы жою керек дейді.

Белгілі қазақ жырауы, философы Асан Қайғы өзінің поэтикалық шығармаларында, өмірде адам баласы қандай болуы қажет, неге талпыну қажеттігі жайында қызықты ой-өрісті дүниелерді көрсете білген. Философтың пікірінше, әрбір адамзат өзіндік жетілуге талпынуы

қажет. Нағыз адам мынадай саналы сапа иесі болуы тиісті адамгершілік, шынайылық, шыншылдық, қарапайымдылық, намысқойлық, тұрақтылық. Асан Қайғының пікірінше, қоғамдық шарттар тұлғаның қалыптасуына, оның саналы ерекшеліктерінің қалыптасуына басты фактор болып табылады. Осы аталған салалар мен шарттар салауатты өмір салтына тиісті, қажетті мінез-құлық нормаларын таңдал алуға мүмкіншілік жасайды. Қазақ халқының салауатты өмір салты халықтық өртегілерде, әпостық жырларда, мақал-мәтелдерде, ойындарда және дәстүрлерде бейнеленіп, сипаттала көрсетілген.

У. Жәнібеков, К.С. Әбішев, К.Д. Ордабаев, А.К. Айтпаев, Қ.Б. Жарықбаев, В.В. Цистов, К.Ж. Қожахметованың енбектеріндегі «Денсаулық», «Салауатты өмір» ұғымдары денсаулықты сақтаудың басты терминдері болып табылады және өзектілігін жоғалтпай қазіргі кезде жаңаша өрлеу үстінде.

А.С. Иманғалиевтің пікірінше «салауатты өмір салты» адам организмінің резервтік мүмкіншіліктерін жетілдіретін күнделікті тіршілігінің типтік формалары мен тәсілдері, әлеуметтік және кәсіби қызметтерін саяси, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық жағдайлардан тәуелсіз орындауды қамтамасыз ету. Г.Д. Әлімжановтың ойынша салауатты өмір салты «білім, ептілік, дағдыланумен байланысты, оның негізінде әрбір оқушының денсаулығы, күнделікті шынығы әдістемелері жатыр». Ж.З. Торыбаеваның пікірінше мектеп оқушысының салауатты өмір салты, жан жақты дамуы әлеуметтік тәжірибелі менгеру іс-әрекеттіліктерімен сипатталады. Дене, ой-санасы, әлеуметтік, тұлғалық, эмоционалдылық, рухани дамуы, оның микро ортасы: мектеп, жанұя және қоршаған орта арқылы болады. Сонымен, денсау-лық өмір салтымен байланысты. Салауатты өмір салты – еңбек ету және дема-лыс режимдері, тамақтану жүйесі, даму мен шынығу жаттығулары, өз-өзінде және өзгелерге қарым-қатынастық, тұрмыстық, өмірлік мақсаттылықтар [3]. Яғни салауатты өмір салты өте күрделі және жан-жақты ұғым. Оған тек қана медициналық, биологиялық және психологиялық компоненттер ғана кіріп қоймай сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық, экологиялық құрылымда

Балалар – болашақ қоғамның тірегі. Сондықтан болашақтың іргесін денсаулықты сақтау саясатын білім беру жүйесіне арнайы зерттеулер негізінде, арнайы нұсқаулықтар мен ғылыми-әдістемелік кеңестер арқылы ұйымдастырып енгізу келешектегі жұмыстарымыздың бағыт-бағдарын құрайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жолдасбекова Б. А. Оқушылардың салауатты өмір сұру дағдыларын денсаулықты сақтау технологиясы негізінде қалыптастыру, автореф. п.ғ.к.дисс. – Түркістан. – 2007. – 1-8 - 66.
2. Неменко Б.А. Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы (Оқулық). – Алматы. - 2002. - 344 -б.
3. Науменко Ю.В. Здоровьесберегающая деятельность школы // Педагогика. - 2005. -№ 6. - С. 65-67.
4. Митяева А.М. Здоровьесберегающие педагогические технологии / М.: Академия - 2008. - 192с.
5. Смирнов Н.К. Здоровьесберегающие образовательные технологии в работе учителя и школы. – М.: АРКТИ - 2003. – 253 с.
6. Чупаха И.В. Здоровьесберегающие технологии в образовательно – воспитательном процессе. - М.: Илекса; Ставрополь: Сервис-школа. - 2001.- 400 с.

**Требования
к статьям, представляемым
в «Хабаршы-Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана»**

Представленные для опубликования материалы должны соответствовать следующим требованиям:

1. Содержать результаты научных исследований по актуальным проблемам в области лингвистических, филологических и педагогических наук, переводческому делу, межкультурной коммуникации, востоковедения, международных отношений, международного права и экономических отношений, регионоведения, менеджмента и международных коммуникаций, маркетинга, туризма.

2. Домinantная идея публикаций: следование принципам научности, инновационности, целостности и системности.

3. Статья предоставляется в бумажной и электронной форме.

Шрифт Times New Roman, кегль - 12, интервал - 1, поля: верхнее и нижнее - 2 см, левое - 3 см, правое - 1,5 см. Абзац (отступ) - 1 см.

4. Принимаются статьи от 5 до 16 страниц (1 п. л.), включая таблицы, рисунки.

Структура статьи:

1) в левом верхнем углу – шифр УДК;

2) автор (в правом верхнем углу, фамилия полностью, имя, отчество – инициалы, с указанием должности, ученой степени, места работы);

3) название – по центру прописными буквами.

4. Текст статьи:

4.1. Резюме (Түйін, 70-80 слов, 10-12 строк, на каз. или рус. яз. в зависимости от языка статьи, в обязательном порядке - на англ.яз. / abstract),

4.2. Ключевые слова (Өзекті сөздер, Keywords – 8-10 слов).

4.3. Текст статьи.

4.4. Ссылки на использованную литературу (Қолданылған әдебиет тізімі, список использованной литературы, references) Ссылки на использованную литературу даются цифрами в прямых скобках по мере упоминания [1, с.15]. Постраничные сноски не допускаются.

5. Список использованной литературы (не менее 5 наименований), в котором указывается литература за последние 5-7 лет.

1. Кунанбаева С.С. Реализация культурного проекта «Триединство языков в Республике Казахстан // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Сер. «Филология». - 2012. - № 1.- С. 3-9.

2. Усубалиева С.Ж. Экологический менеджмент: уч.пособие. – Алматы: Экономика, 2011. – 128 с.

7. Urbain C., Bissot H. Cuisines en partage. Le plov dans tous ses états. Constitution d'une diaspora autour d'un plat d'Asie centrale // Diasporas. – 2005. – № 7. [электронный ресурс] – Режим доступа – URL: http://w3.framespa.univ-tlse2.fr/revue/articles_fiche.phpid=335 (дата обращения 31.07.2012).

Таблицы, схемы, графики и т.д.

Создаются средствами Microsoft Word, нумеруются, снабжаются заголовками и вставляются в текст сразу после ссылки на них. Графики и диаграммы создаются средствами Microsoft Excel, снабжаются заголовками, соответствующими подрисунковыми подписями и вставляются в текст сразу после ссылки на них.

Фотографии (изображения), иллюстрации представляются в формате JPEG (jpg), разрешение не менее 300 пикселей, и предоставляются отдельными файлами. К каждому изображению обязателен заголовок (сопроводительный текст, аннотация).

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ
ХАБАРШЫСЫ
«Педагогика гылымдары» сериясы/серия «Педагогические науки»
ИЗВЕСТИЯ
КазУМОиМЯ имени Абылай хана

№1-2 (28-29) 2013

Редактор *Г. А. Акпаев*

Дизайн, верстка *Б. С. Кынырбеков*

Подписано в печать 04.06.2013 г. Формат 70Х90 1/16
Бумага офсетная. Печать RISO. Объем 14,1 п.л. Усл.-печ.л. 14,6.
Заказ № 337. Тираж 500 экз.

Издательско-полиграфический центр
Казахского университета международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана
г. Алматы, ул. Муратбаева, 200